

ныңың колхоздары 16459 гектардың 469 гектарын, Приешім ауданының колхоздары 15120 гектардың 719 гектарын ғана жыртыты. Ал бұл уақытқа дейін Калинин атындағы, Ильич атындағы, Ново-Георгиев, Преснов, Приешім, Шағлы МТС-тері қамтытылған колхоздарда тың көтеру жұмыстары басталған да жоқ. Приешім, Токшын, Интернационал совхоздары тың жерлерді жыртыуды июньнің тек екінші он күндігінде ғана бастады. Соның өзінде жұмыстың қарқыны тезірек баяу болып отыр.

Бірқатар колхоз, МТС, совхоз басшылары мен агрономдар тың және тыңайған жерлерді жыртыу өңдеу кезінде агротехникалық талаптардың өрескел бұрмалануына жол беріп жүр. Осының салдарынан жерді жал қалдырып, тайыз жыртыу жердің қыртысын толық аудармау, топырақты сапасыз өңдеу фактілері орын алуға.

Октябрь, Преснов, Совет, Полудень және Булаев аудандарының бірқатар колхоздары тың жерлерді пішін шабу үшін пайдаланамыз деген сылтаумен, ол жерлерді жыртыуды көріне кешіктетіп отыр. Мұның өзі жаңа жерлерді жыртыу, топы-

МТС, совхоз басшылары тың және тыңайған жерлерді жыртыу жұмысында істейтін трактор бригадаларын техникалық жағынан ойдағыдай қамтып, тракторлардың босқа тұрып қалуына жол бермеуді мұқият ұйымдастыруға міндетті. Ал колхоздар мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдары тың көтерудегі механизаторлар арасында социалистік жарысты күнбе-күн басқаруға, еңбек өнімділігінің арттырылуына басшылық ете білулері керек. Олар тың игерудегі механизаторлар мен колхозшыларды мәдени-тұрмыстық жағынан қамту ісін жақсартуға үнемі назар аударуға міндетті.

Егер аудан, МТС, колхоз, совхоз басшылары қолда бар бай техниканы тың және тыңайған жерлерді жыртыуға, өңдеуге неғұрлым тиімді пайдалануды ұйымдастыра білсе, онда облыс бойынша тың және тыңайған жерлерді жыртыу жөніндегі тапсырманы ең қысқа мерзім ішінде —июнь айының аяғына дейін толық орындап шығуға болады. Олай болса, жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық органдары осы мүмкіншілікті толығымен пайдалануды шебер ұйымдастыра білулері керек.

ОБЛЫС КОЛХОЗДАРЫ МЕН СОВХОЗДАРЫНДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

1955 ЖЫЛҒЫ 15 ИЮНЬДЕГІ МӘЛІМЕТ (Жоспардың орындалу проценти)

Аудандар	Шөп шабу	жүгеріні культивация лау	Аудандар	Шөп шабу	жүгеріні культивация лау
Соколов	6,8	28,2	Полудень	3,0	53,8
Конюхов	5,7	54,1	Булаев	2,9	46,6
Мамлют	5,6	32,9	Ленин	2,2	33,7
Преснов	4,7	98,0	Приешім	2,0	81,0
Октябрь	4,4	61,3	Совет	1,8	46,2
Петропавл	4,2	45,1			

Совхоздар	тың көтеру	Жүгеріні культивация лау (гектар есебімен)	Шөп шабу	Шөп маялау	Совхоздар	тың көтеру	Жүгеріні культивация лау (гектар есебімен)	Шөп шабу	Шөп маялау
Москворец	107,5	—	—	—	Совет	29,0	340	—	—
Украин	100,0	—	—	—	Қызылжар	22,1	—	—	—
Дзержинский	100,0	—	—	—	Преснов	20,6	569	6,6	1,0
Тамань дивизиясы атындағы	94,8	—	—	—	Жамбыл	15,9	—	—	—
Явленна	94,6	624	6,6	1,2	Чистов	9,1	971	—	—
Ленин	78,2	—	—	—	Октябрь	8,3	290	2,6	—
Ильич	77,4	—	—	—	Торангүл	8,0	170	—	—
Молодежный	73,2	—	—	—	Қыялы	5,0	14	—	—
Заря	63,0	—	—	—	Шағлы	2,2	190	—	—
Ұзынкөл	55,6	785	—	—	Петропавл	—	220	—	—
Марьевка	49,2	—	—	—	Токшын	—	190	—	—
Ешім	48,6	—	5,6	—	Мамлют	—	229	—	—
Хрущев	48,5	—	—	—	Приешім	—	172	—	—
Тимирязев	46,6	—	0,8	—	Булаев	—	—	—	—
Возвышен	45,3	40	6,7	0,3	Жданов	—	—	—	—
Аманкелді	44,0	—	—	—	Маленков	—	—	—	—
Буденный	42,7	75	10,1	0,4	Интернационал	—	—	—	—
Докучаев	40,9	—	—	—	Қарағанды	—	—	—	—
Степной	40,4	206	11,5	1,5					

ерген адамдар бүгін Тбилисиден Ташкентке самолетпен ұшып кетті. Индия Республикасының, Совет Одағының, Грузин ССР-нің мемлекеттік жалауларымен безендірілген аэродромда қонақтарды Грузин ССР Министрлер Советінің Председателі Г. Джавахишвили, Грузия КИ Орталық Комитетінің бірінші секретары В. П. Мжаванадзе, Грузин ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. Д. Чусинидзе, Грузин ССР Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары және Грузин ССР Сыртқы Істер Министрі М. И. Кучава, еңбекшілер депутаттарының Тбилиси қалалық Советі атқару комитетінің председателі М. К. Маградзе,

Аэродромда Г. Джавахишвили Грузия еңбекшілерінің атынан Премьер-Министр Дж. Нерудің және индия халқының табыстарға жетуіне тілектестік білдірді.

Дж. Неру жауап сөзінде қошеметпен қабыл алғандық үшін алғыс айтты.

—Сіздерге және сәулетті Грузияның бүкіл халқына өзімің ең ізгі тілектестігімді білдіру үшін,—деді Дж. Неру,—осы жағдайды пайдаланамын. Мен бұл сапарды әрқашан да есімде сақтаймын.

Сонымен қатар СОТА-ның шақыруы бойынша ССРО-да қонақ болып жүрген бір топ Индия журналистері де Ташкентке ұшып кетті.

Индия Республикасының Премьер-Министрі Джавахарлал Нерудің Ашхабадта болуы

АШХАБАД, 14 июнь. (СОТА). Индия Республикасының Премьер - Министрі Джавахарлал Неру Тбилисиден Ташкентке бара жатқан жолында 14 июнь күні таңертең Түркмен ССР-нің астанасы Ашхабадта болды.

Индия Республикасының, Совет Одағының және Түркмен ССР-нің мемлекеттік жалауларымен безендірілген аэропортқа мыңдаған тұрғын халық жыйналды. Дж. Неруді Түркмен ССР Министрлер Советінің Председателі В. Овезов, Түркменстан КИ Орталық Комитетінің бірінші секретары С. Вабаев, ТССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Сарыев, ТССР Сыртқы Істер Министрі В. Чарыев, министрлер, жұртшылық өкілдері қарсы алды.

Дж. Неру мен оның қасына ерген адамдар самолеттен шықты. Индия Республи-

касының, Совет Одағының және Түркмен ССР-нің гимндері орындалды. Жас пионерлер қонақтарға гүл шоқтарын сыйлады.

Дж. Неруді Түркменстан Министрлер Советінің Председателі В. Овезов құттықтады. Индия Республикасының Премьер-Министрі Дж. Неру қарсы алушыларға арнаған жауап сөзінде шын жүректен қабыл алғаны үшін алғыс айтты.

Түркмен Республикасының үкметі Дж. Нерудің Ашхабадта болуымен байланысты таңертеңгі қонақасы берді.

Ашхабадтың еңбекшілерінен Дж. Неруға түркмен шапаны мен бөркі сый етіп тартылды.

Москва уақыты бойынша 11 сағат 40 минутта Дж. Неру және оның қасына ерген адамдар Ташкентке жүріп кетті.

Алматыда болуы

Совет Одағына ресми сапармен келген Индия Республикасының Премьер-Министрі, Сыртқы Істер Министрі Джавахарлал Неру, оның қызы Индира Ганди, Индия Республикасының Сыртқы Істер Министрінің бас секретары Н. Р. Пиллаи, Индия Республикасының Сыртқы Істер Министрінің Европалық бөлімінің меңгерушісі А. Хуссейн 16 июньде, таңертең, Қазақ ССР астанасы —Алматыда болды.

Индиялық қонақтармен бірге Алматыда Индия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочилі Елшісі Б. П. Ш. Менон және Индия Республикасы Елшілігінің бірінші секретары П. Н. Кауль болды.

Премьер-Министр Джавахарлал Нерудің қасында ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші орынбасары В. В. Кузнецов, Совет Одағының Индия Республикасындағы Төтенше және Полномочилі Елшісі М. А. Меньшиков, ССРО Сыртқы Істер Министрінің протокол бөлімінің меңгерушісі Ф. Ф. Молочков еріп жүр.

Индия Республикасының, Совет Одағының және Қазақ ССР-нің мемлекеттік жалауларымен безендірілген аэропортқа жүздеген алматылықтар жыйналды. Джавахарлал Неруді және оның жанына еріп келген адамдар Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Д. А. Қонаев, Қазақстан КИ Орталық Комитетінің секретары Л. И. Брежнев, Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің Бірінші орынбасарлары С. Ф. Николаев, М. Бейсебаев, Қазақстан КИ Орталық Комитетінің сек-

ретарлары Ф. Қарбжанов, Ы. Тәжіев, Қ. У. Оспанов, Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасарлары И. Г. Слажнев, Р. Б. Байғалиев, Т. Тәжібаев, еңбекшілер депутаттары Алматы қалалық Советінің атқару комитетінің председателі Ф. А. Мамонов, Алматы қалалық партия комитетінің секретары А. Н. Козлов, министрлер, жұртшылық пен баспасөз өкілдері қарсы алды.

Индия Республикасының, Совет Одағының және Қазақ ССР-нің гимндері орындалды. Жас пионерлер қонақтарға шоқшоқ гүлдер әкеліп тапсырды.


Советтік Қазақстанның үкметі мен еңбекшілері атынан Дж. Неруді Д. А. Қонаев құттықтады. Жауап сөзінде Индия Республикасының Премьер - Министрі Дж. Неру қарсы алғандарға арнап жылы жүзді қабылдау үшін алғыс сөзім білдірді. Аэродромнан қалаға дейінгі жолда, қаланың көшелерінде қонақтарды Алматының ондаған мың тұрғын адамдары қызу құттықтады.

Джавахарлал Нерудің Алматыда болуына байланысты Қазақ ССР үкметі оның құрметіне қонақасы берді.

Алматы уақыты бойынша күндізгі 12 сағат 15 минутта Джавахарлал Неру және онымен бірге келген адамдар Алтай өлкесінің Рубцов қаласына жүріп кетті.

Индия Республикасының Премьер-Министрі Дж. Нерумен бірге Алматыда СОТА-ның шақыруымен келіп Совет Одағында қонақ болып жүрген индиялық журналистер тобы да болды.

(ҚазТАГ).



Апрельдің аяқ шенінде Арктиканың шығыс секторында жаңа ғылыми ықпалы «Солтүстік полюс — 5» станциясы құрылған болатын. СУРЕТТЕ: 1. (солдан оңға қарай) «СП—5» станциясының бастығы география ғылымының кандидаты Н. А. Волков ықпалы лагерь ашылған күні ССРО-ның Мемлекеттік жалауын көтеріп тұр. 2. Самолеттен трактордың қозғалғыш бөлшектерін түсіріп жатқан кез. 3. Гидрологиялық палаткада. Геологтар географиялық ғылымның кандидаты З. М. Гудкович (сол жақта) және Н. П. Шестерников теңіз түбін зерттейтін аспапты орнатуға дайындап тұр. (СОТА-ның фотохроникасы).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ КҮРЕСІНДЕ

Ұлы Ленин партияны, халықты жаңа қорамның жеңуі үшін сайып келгенде ең маңыздысы, ең бастысы еңбек өнімділігін арттыру деп үйретті. Ұлы көсемнің бұл нұсқауы совет халқының коммунистік ұғам орнату жолындағы күресінде үнемі басшылыққа алынып келеді. Партияның ХІХ съезі бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі өзінің директиваларында 1951—1955 жылдары өнеркәсіп орындарында еңбек өнімділігін, шамамен, 50 процент арттыруды белгіледі.

Петропавл қаласындағы ет-консерв комбинатының партия ұйымы өзінің бүкіл жұмысын коллективті бесінші бесжылдық жоспардың еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмасының орындалуына жұмылдырып келеді. Комбинат бойынша өткізілетін жалпы партия жыйналыстарында және цехтық партия жыйналыстарында еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің сапасын жақсарту, оның өзіндік құнын кеміту, еңбек жағдайын жақсарту және басқа осы сыяқты түбірлі мәселелер үнемі талқыланып отырады. Бұл жыйналыстарда технологиялық процестерді жақсартудың, еңбекті көп қажет ететін процестерді механикаландырудың нақтылы шаралары белгіленіп, жүзеге асырылады.

Жаңа техника мен рационализаторлық ұсыныстардың негізінде үстеміздегі жылдың бірінші жарты жылдығында бұл ұсыныстардың бірқатары өндіріске енгізілді. Мәселен, ет өнімдерін ұнтақтайтын бөлімшеде паншет үшін ет ұнтақтау иерілі. Осының нәтижесінде технологиялық процесс жақсарып, шығарылатын өнімнің сапасы артты. Паншет ет тағамдарын банкаларға салу үшін шприц орнатылды. Мұның өзі санитарлық жағдайды жақсартты, сондай-ақ паншет еттерінің тығыз салынуына мүмкіндік берді.

Партия жыйналыстарында қабылданған қарарларды жүзеге асыруға комбинаттың жаңалық тапқыштары зор көмек көрсетіп келеді. Мәселен, инженер коммунист Акимов жолдас банкарды дәнекерлеу үшін жартылай автоматты құрал жасады. Осыдан кейін бұл саладағы жұмыс қол еңбегімен атқарылаытын болды, еңбек өнімділігі төрт есе артты, материал аз жұмсалып, дәнекерлеудің сапасы жақсарды.

Слесарь Луцик жолдас шарикоподшипникке калибрлі сызған жасалған роликтер орнатуды ұсынды. Бұл ұсынысты өндіріске енгізу еңбек өнімділігін арттырудың қажетті бір шарасы болды. Осы сыяқты қаңытыр-банк цехының слесары Шиленко, цех бастығы Ахметқалиев, консерв

заводының механигі Кузнецов және басқа жолдастардан бірқатар рационализаторлық ұсыныстар түсеті. Бірінші жарты жылдықта комбинат бойынша 40-тан астам рационализаторлық ұсыныстар қабылданды.

Партия ұйымы социалистік жарыстың жариялығына көп назар аударады. Бұл жұмыста көрнекі үгіт көңінен пайдаланылады. Цехтарда, клубта және кәсіпорнының алаңдарында социалистік жарыстың озаттарын хабарлайтын плакаттар бар. Барлық негізгі цехтарда қабырға газеттері шығарылады. Қабырға газеттерінде социалистік жарыстың барысы жарияланып, өндіріс озаттарының тәжірибелері насихатталады. Сонымен қатар, жұмыста орын алған көшпеліктер сыналады.

Комбинаттың цехтарында «Мінсіз саналы өнім шығаратын бригада» атағын алу жолындағы социалистік жарыс барған сайын қыза түсуде. Өткен жылы мұндай жарысқа бір мыңнан астам жұмысшылар қатысты. Заводтың жұмысшылар комитетінің кеңейтілген мәжілісінде 35 бригадаға «Мінсіз саналы өнім шығаратын бригада» атағы берілді. Олардың ішінде қаңытыр-банк цехының Афанасьев, Кашица, консерв цехының Жамалиева, Захарова, шұжық цехының Әбдіхалықов жолдастар басқарған бригадалары бар. Үстеміздегі жылдың бірінші тоқсанында 20 бригадаға «Мінсіз саналы өнім шығаратын бригада» атағы берілді.

Құрылыс, жөндеу-механикалық және бірқатар цехтарда мамандықтар бойынша социалистік жарыс ұйымдастырылды. Бұл жарысқа ұштасқан мамандардың бәрі де өндірістік тапсырмаларын артығымен орындап, саналы өнім беруде. Мәселен, Максимов жолдас — таңдаулы қаңытыршы, Стрижков жолдас — таңдаулы шұжық жасаушы болып алды.

Комбинаттың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, инженер-техник қызметкерлері еліміздің озат кәсіпорындарының, Москва, Киев, Ленинград ет-консерв комбинаттарының тәжірибелерін үнемі үйрену арқылы еңбек өнімділігін арттырудың жаңа жолдарын іздестіріп табуда. Комбинат жұмысшыларының басым көпшілігі күнделік жұмыс нормаларын үнемі асыра орындайды, ол Карпунин, Васильев, Першина жолдастардың көрсеткіштері 170—180 процентке дейін жетіп отыр.

Москва кәсіпорындарының бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыру туралы бастамасын қызу

қуаттап, Петропавл ет-консерв комбинаты ет тағамдарын шығару жөнінде бесінші бесжылдық жоспарды 1955 жылғы 5 декабрьде орындауға, еңбек өнімділігін 30 процент арттыруға міндеттенді.

Комбинаттың партия бюросы және цех партия ұйымдары социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің орындалуын өздерінің бақылауына алып отырады. Заводтық, цехтық партия жыйналыстарында, партия бюросының мәжілістерінде бұл жөнінде арнаулы мәселе талқыланып, қажетті шаралар белгіленеді. Сонымен қатар коммунистер бұқара арасында ұйымдастыру және саяси жұмыстар жүргізіп, социалистік жарыстың барысына партиялық бақылауды күшейтіп отырады. Біздің бұл шараларымыздың бәрі өзінің тиісті нәтижесін беруде. Үстеміздегі жылдың бірінші тоқсанында комбинат коллективі өнім шығарудың барлық түрлері бойынша өндірістік жоспарды артығымен орындады. Еңбек өнімділігі 131 процент артып, өнімнің өзіндік құны 5,2 процент кеміді. Кәсіпорының коллективі екінші тоқсанда да социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін абыроймен орындау үшін қажырлы еңбек етуде. Олар жалпы өнім шығару жөніндегі жоспарды апрель айында 103,7 процент, май айында 248 процент орындады.

Біздің коллектив бірінші тоқсанда бүкілодақтық социалистік жарыста алдыңғылардың қатарына қоюлып, үшінші орынға ие болды. Қалалық партия комитеті мен қалалық Совет атқомі кәсіпорындары социалистік жарысының қорытындысын шығарып, біздің коллективке өздерінің Ауыспалы Қызыл туын тапсырды.

Кәсіпорындары қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың Үндеуі комбинат коллективінің қызу қолдауын тапты. Біз жаңа техниканы өндіріске батыл енгізудің, құрал-жабдықтарды тиімді пайдаланудың, еңбек өнімділігін еселеп арттырудың негізінде елімізге ет тағамдарын көп берудің перспективті шараларын белгіледік. Тағудағы екі-үш жылда жыл сайын кемінде 1,5 миллиард сом мемлекеттік қаржыны үнемдеп, еңбек өнімділігін екі-үш есе арттыруға жетісуді мақсат етіп отырмыз. Партия ұйымы өзінің жұмысын оған әрі жақсарту арқылы еңбек өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарысқа нақтылы басшылық етеді.

Г. ПРИЦЕР,

Комбинат партия бюросының мүшесі.



Петропавл вагон жөндеу депосының вагон байқаушысы И. Головин жолдас өз міндетіне аса ұқыпты қарап, мінсіз атқарады. Сол үшін оған «Өз ісінің шебері» деген құрметті атақ берілді.

СУРЕТТЕ: И. Головин жолдас жұмыс үстіндегі.

Суретті түсірген: А. Пасечный.

Механизаторлар инициативасы

Асанов МТС-нің Вреж және Штоль жолдастар басқаратын бірінші және екінші трактор бригадалары басқа дала жұмыстарымен бірге, шөп сүрлейтін орлар қазуда. Олар еңалдымен ор қазылатын жерлерді терең қылып жыртады, содан кейін скрепермен жыртылған жердің балшығын тазалайды. Жер тазаланғаннан кейін 60-70 сантиметр тереңдікте қазылады. Бұдан кейін осы әдіс тағы да қайталанатын. Орлар қазылатын жерлерді күні бұрын жырту еңбек өнімділігін арттыруға көмектесуде.

Бригада механизаторлары осы әдіспен орлар қазу жұмысын қызу қарқымен жүргізуде. Механизаторлар Штац, Ихтендрит ор қазуда жоғарғы көрсеткіштерге ие болуда.

Өткен жылы МТС қамтуындағы колхоздарға, элеваторға астық тасуда жолын нашарлығы едәуір бөгет жасаған еді. Механизаторлар егін орағына әзірлене отырып, Буденный атындағы колхоздан Асанов арқылы қалаға келетін жолды түзеуге кірісті. Кәзір Буденный атындағы колхоздан Асанов селосына дейін жолды жөндеу, тегістеу жұмыстары аяқталды. Механизаторлар мемлекетке астық тапсыру басталғанша жол құрылысындағы жұмыстарды тегіс аяқтауға асығуда.

Н. РАХЫМОВ.

Атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жөніндегі жұмыстарды дамыту ісінде Совет Одағының Венгер Халық Республикасы мен Болгария Халық Республикасына ғылыми және техникалық көмегі туралы

Ядролық физика саласындағы зерттеулерді дамыту және атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану үшін ғылыми-эксперименттік базалар құруда Венгер Халық Республикасы мен Болгария Халық Республикасына ғылыми-техникалық көмек көрсету туралы Совет Үкметінің ұсынысымен байланысты осы мәселелер жөнінде келіссөздер жүргізу үшін майдың аяғында Москваға жоғарыда көрсетілген елдердің делегациялары келген болатын, бұлардың құрамында осы елдердің белгілі ғалымдары мен инженерлері бар.

Совет ғалымдары да қатысқан келіссөздердің барысында эксперименттік атом котелдерінің жабдықтарын және элементтік бөлшектердің тездеткіштерін жобалаудың, жасаудың, берудің, нақтылы мәселелері, сонымен қатар бұл елдерде кадрлар даярлаумен және ядролық физика саласындағы, радиоактивтік изотоптарды медицинада, биологияда және ғылым мен техниканың басқа да салаларында пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырумен байланысты мәселелер де талқыланды.

Делегациялардың мүшелері атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану саласындағы зерттеулер мен шұғылданып жатқан Москвадағы, Ленинградтағы және басқа қалалардағы ССРО ғылыми мекемелерімен,

сонымен қатар жұмыс істеп отырған эксперименттік атом котелдерімен, элементтік бөлшектерді тездеткіштермен және атом элекір станциясымен таныстырылды.

Бұл келіссөздердің нәтижесінде қол қойылған келісімдерде былай деп көзделді: тиісті совет ұйымдары жобалау жұмыстарын орындайды және Венгер Халық Республикасы мен Болгария Халық Республикасы үшін эксперименттік атом котелдерін және элементтік бөлшектерді тездеткіштердің жабдықтарын беріп тұрады, осы котелдерге және бөлшектерді тездеткіштерге қатысы бар қажетті ғылыми-техникалық документацияны тегін береді, бұларды монтаждау және пайдалануға беру ісінде совет мамандарын командировкаға жіберу жолымен техникалық көмек көрсетеді, атом котелдерінің жұмыстары және зерттеу жұмыстары үшін қажетті мөлшерде бөлшектегіш материалдар мен басқа материалдар береді.

Мұның үстіне, Совет Одағында Венгер Халық Республикасы мен Болгария Халық Республикасының тиісті мамандары арасынан ядролық физика, ядрохимия саласында, ғылым мен техника изотоптарды қолдану саласында, сонымен атом котелдерінің саласында ғылыми қызметкерлер, инженерлер даярланады.

Австриямен Мемлекеттік Договорды бекіту грамотасын Австрияның ССРО Үкметінің сақтауына тапсыруы

1955 жылғы 14 июльде ССРО Сыртқы Істер Министрлігінде Сыртқы Істер Министрінің Бірінші орынбасары А. А. Громыко Австрия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиеді Елшісі Н. Бишофтан 1955 жылғы 15 майда Венада қол қойылған және Австрия Республикасының Федеральдық Президенті 1955 жылғы 8 июльде бекіткен Тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы Мемлекеттік Договорды Австрияның бекіту грамотасын қабылдап алды.

Жоғарыда көрсетілген грамота, жоғарыда аталған Мемлекеттік Договордың

38-ші статьясына сәйкес, ССРО Үкметінің сақтауына берілді.

Грамотаны сақтауға беруде болғандар: Совет жағынан: ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары В. С. Семенов, Европалық Үшінші бөлімнің меңгерушісі С. Г. Лапин, Договор-Право бөлімінің меңгерушісі Г. И. Тункин, Европалық Үшінші бөлімнің меңгерушісінің орынбасары М. Г. Грибанов және басқалары.

Австрия жағынан: Австрия Республикасының ССРО-дағы елшілігінің Секретары Г. Грубмайр, Елшіліктің атташесі К. Шварц, Елшіліктің архивші секретары Г. Клемениевич.

Көп балалы аналарды наградтау

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО Жоғарғы Советінің Президиумымен бірге «Қазақстан Республикасының Конституциясы» туралы заң қабылдады.

Колхоздағы партиялық-саяси жұмыс

«Бірлік» колхозының (Ленин ауданы) бастауыш партия ұйымы СОМ Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысына сәйкес партиялық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Мұндағы 21 коммунистің бәрі де колхоз өндірісінің шешуші учасқотерінде жұмыс істейді. Мал фермаларында жұмыс істейтін колхозшылардың құрамы коммунистер мен комсомолецтер есебінен толықтырылды.

Мәселен, сауын сыйырлар фермасының бұрынғы меңгерушісі Ақшөв жолдас өз міндетіне кемкетті қарап, қысты күні мал күтімінің нашар болуына, жас төлдердің едәуір шығын болуына жол берді. Партия ұйымы бұл жағдайға төзе алма-

ды. Ол өзінің жыйналысында мал шаруашылығының жайы жөнінде мәселе талқылап, сауын сыйырлар фермасының меңгерушілігіне коммунист Ақмағанбетов жолдасты белгілеуді ұсынды. Партия ұйымының ұсынысы колхоз басқармасының қызу қолдауын тапты.

Ақмағанбетов жолдас фермадағы коммунистер мен комсомолецтерге сүйене отырып, мал өсірушілерді жұмыста орын алған кемшіліктерді жою жолына жұмылдыра білді. Осының нәтижесінде мал күтімінің жайы жақсарып, сауын сыйырлардың құнарлылығы арта түсті.

Партия ұйымы мал фермалары мен егіс бригадаларында бұқаралық-саяси жұмыс жүргізу үшін коммунистер мен партияда

жөк ауыл интеллигенттерінен 15 адам жігіл, олардың жұмысына үнемі басшылық етіп келеді. Үгітшілердің семинар-кеңестерінде колхоздың алдында тұрған шаруашылық міндеттер, социалистік жарыстың барысы, бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастырудың тәжірибелері жөніндегі мәселелер жиі талқыланады. Бәзір колхозды ауылдағы бұқаралық-саяси жұмыстың мазмұны жалдың жазғы жайылымды дұрыс ұйымдастыру, пар жұрту мен шөп шабу науқандарының қарқынды күшейту, егін күту және оны жыйнауға өзіндік жұмыстарын тығыздықты ұйымдастыру мақсатына бағындырылып отыр.

Қ. ШҰҒҰЛШИН,
(Өз тілшіміз).

Колхоз радиоторабы

Ленин атындағы колхоз мүшелерінің үйлері түгелдей радиомен қамтылған. Колхоз орталығындағы 120 үйде радио бар және колхозда жақында радиоторабы ұйымдастырылды. Мұнда радиотөлеу болып Мырзахметов жолдас істейді. Колхозшылар радио арқылы Москва, Алматы, Новосибирск, Омекі қалаларынан жаңалық хабарлар мен концерттер тыңдайды.

Колхозшылар быйыл 15 радиоқабылдағыш сатып алды. № 1 және № 2 мал фермаларында да радиоқабылдағыштар бар. Колхоз басқармасы колхоздың «Мектеп», «Көктерек» бригадаларын радиоландыру ісін қолға алғалы отыр.

Г. МАЛДЫБАЕВ,
Октябрь ауданы.

диумының 1954 жылғы 18 августары Указына сәйкес СССР Жоғарғы Советі Президиумының атынан облысымыздың көп балалы біртеп аналарын «Ана даңқы» ордендерімен және «Ана медалі» медальдарымен наградтады.

Петропавл қаласында тұратын үй шаруасындағы әйелдер Манат Галиасқарқызы Ғабитова, Мария Михеевна Целых, колхозшы әйелдер Мария Леонтьевна Исаева 9 бала тауып, оларды тәрбиелеп өсіргені үшін 1-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградтады.

Сегіз бала талқаны және тәрбиелеп өсіргені үшін екінші дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталғандардың ішінде Қыялы селотық Советінде тұратын үй шаруасындағы әйел Наталья Калиновна Качкина, Приеңім ауданындағы «Ш-

ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың мүшесі Евдокия Андреевна Тугушева бар.

Петропавл қаласында тұратын үй шаруасындағы ана Фатима Азұхаметова, Совет ауданы Молотов атындағы колхоздың мүшесі Жұмабике Аялбергенова, Мамлют ауданы, Куйбышев атындағы колхоздың мүшесі Анна Степановна Волкова және басқалары—барлығы 15 ана III-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградтады.

Бірінші дәрежелі «Ана медалі» медалімен наградталғандардың ішінде 6 бала талқан және тәрбиелеп өсірген 41 ана, екінші дәрежелі «Ана медалі» медалімен наградталғандардың ішінде 5 бала талқан және тәрбиелеп өсірген 92 ана бар.

Тың жердегі озат астық совхозының бүгінгі күні

«Калининский» жаңа астық совхозының егістігі Молотов ауданының тың жерлеріндегі шағын қайыңды тоғайлар арасындағы көк өлкені алып жатыр. Өткен жылдың көктемінде мұнда алғашқы борозда тартылған болатын, ал кәзір далада нешеме жылдардан бері мал бағып келе жатқан колхоз шопандарының өзі бұл өңірді танымай қалатындай болды. Желкөзін судыраған боз ғана өскен өлкеде жап-жасыл боп шайқалған егін бейне-бір кілемдей құлпырады. 35 мың гектар шамасындағы тың жердің ортасында орнаған көрікті поселке алыстан көзге түседі.

Партияның шақыруы бойынша Украинадан Қазақстанға келген совхоз директоры Иван Евдокимович Соловьев былай дейді:

—Қазақстанда тың жердің қалай игеріле бастағандығы туралы көп жазылды. Біздің совхозымыздың тарихы да өткен жылы ұйымдастырылған ондаған басқа да шаруашылықтардың тарихы сыяқты. Бізде құлазыған далаға келіп орналастық, біз де техниканы зор қиыншылықтармен жеткіздік. Әуелбаста шатырларда тұрдық, басқа да қолайсыз жағдайларды бастан көшірдік. Кәзір мұның бәрі артта қалды, екінші сөзбен айтсақ, ол өткен бір кез болып қалды.

Жерге орналастырушылар бізге егістікке жарамды 25.400 гектар қаратопырақты жер бөліп берді. Шым өте берік болды, топырақ та ауыр, оның есесіне мұндағы қарапайым қабаттың қалыңдығы жарты метрдей. Жер жұртуды 9 майда бастап, 20 септәбрде аяқтадық.

Быйыл көктемде ұйымдастырылған совхоздардың жағдайы едәуір жеңіл болды. Біз тың көтергенде 15-20 тракторларымыз ғана болған еді, ал жаңа совхоздарда 50-60-тан машина бар. Біз әдеттегі трактор плуттермен жер жұрттық. Олардың тү-

рендері қайырылып, рамалары майысып қалып отырды. Сондықтан борозда үстінде ұзақ тұрып қалып жүрді. Ал кәзір барлық жерлерде тың көтеруге арналған жетілдірілген плуттерді ғана көруге болады. Дискілі сыдыра жұртқыштар, ауыр тырмалар көбейді. Трактор-егіс бригадалары тәжірибелі кадрлармен өткен жылдағыдан жақсы толықтырылған. Жаңа совхоздардың тың жұртуды септәбрде емес, июльде аяқтауына толық мүмкіншілік бар. Ал тыңды ерте көтеру өте маңызды іс. Бұл—егіннен мол өнім өсіруді қамтамасыз етеді.

Біздің егіс даламызды аралап көріңіз. Өзгешелікті бірден байқауға болады. Өткен жылы ерте пар жұрттыған тыңға егілген егін күзде жұрттылған жерге егілген егіннен анағұрлым жақсы өсіп тұр. Біз ерте жұрттылған парға күнбағыстан ықтырма өктік, оның көлемі алты жарым мың гектар болды. Ықтырма қарды жақсы тоқтатты. Бұл учасқотерде тырмалар тіркелген тракторлар көктемнің алғашқы күндерінде жұмысқа кірісе алмады, өйткені мұнда ылғал өте мол болды. Республикамызда өрістеген тың жұртуды июль айында аяқтау жолындағы қозғалыстың орасан зор маңызы бар екенін механизаторлар өте жақсы түсінеді. Олар кәзіргі кезде көршілес шаруашылықтардың тың көтеруіне ылғамен көмектесуде.

Совхоз көктемгі егісті қысқа және агротехникалық ең жақсы мерзімде өткізді. Негізгі азық-түліктік дақыл—бидайға қоса, көлемді жерге арпа, сұлы, тары және күнбағыс өктік. Бұлар астық алуға және сүртеуге пайдаланылады. 200 гектар жерге егілген жүгері көктеп, кәзір жасыл шарпылар айқын белгілі болды. Картоп, өсеп, бақша дақылдарын отырғыздық. Огородты да ұмытқанымыз жоқ. Совхоз 47 гектар жерді огородқа арнап жұрттып,

жұмысшылар мен қызметшілердің огород дақылдары тұқымын сатып алуына көмектесті.

—Біздің кәзіргі негізгі міндетіміз,—деді одан әрі Иван Евдокимович,—егін жыйнауға жан-жақты және жақсы өзірлену.

Совхоздың басшылығы, оның директоры, бас агроном Яков Семенович Федоренко мен бас инженер Иван Иванович Клименко, участқотік агрономдар мен механиктер, мастерской меңгерушісі озат комбайншылармен бірге көзіндік өзінде егін орудың жоба жоспарын жасауға кірісті. Мұнда егін жыйнау жұмыстарын 10 күнде аяқтау өсерілуде. Жай есеп бойынша, астықтың жалпы түсімі 2.200 мың пұт болмақ. Оның екі миллион пұты мемлекет қоймаларына құйылады.

Поселкедің негізіндегі уақытша электр станция мен жөндеу мастерскойының жанында егін жыйнайтын машиналарды құрастыру жұмысы қызу қарқынмен жүрізілуде. Шаруашылық көзіндік өзінде 16 комбайн алды. Тағы да бірсыпыра машиналардың келуі күтілуде. Әр комбайн тәулігіне шақмен 20 гектар егін жыйнайтын болады. Бұл нормалардан анағұрлым артық. Мұның өзі егін орағында жұмысты үлгілі ұйымдастыруды, егін жыйнаудың озат шеберлерінің тәжірибесін міндетті түрде кеңінен таратуды, өнектің прогрестік әдістерін қолдануды талап етеді. Табысқа жету көп жағдайда машиналарды техникалық күтудің қандай дәрежеде өкештігіне байланысты болады. Техникалық үлгілі пайдалану, үшінші тазартылып калдықтарды шығаратын қосымша бункерді қолдану жұмыстың жоғары сапалы болуын, астықтың ырабын жоюды қамтамасыз етеді.

Совхозда комбайндардың ізінше, сабанды Морозовтың системасы бойынша жа-

салған темірарқанды үш ұшты сүйретпелердің көмегімен жыйнап алу белгіленуде.

Топырақтың ылғал болуы себепті аңызды ерте көктемде сыдыра жұртудың көп жағдайда кешуілеп қалатынын тәжірибе көрсетіп берді. Тракторлар батпақтап қалады. Егіс мерзімі өтіп кетеді, сондықтан «Калининский» совхозында аңызды сыдыра жұрту жұмысын комбайнды агрегаттап пайдалану жоспарланды. Мұнда аңыздың қабатын үнемі соғып тұратын желдердің бағытына қарама-қарсы қырынан орналастыру ұйғарылды. Бұл ылғалды көбірек тоқтатуға мүмкіндік береді.

Күштердің қалай орналастырылатыны да намамен ойластырылды. Совхозда 7 трактор-егіс бригадасы жұмыс істейді, оның әрқайсысында 9 трактордан бар. Барлық 210 трактор сақалай сай өзірлікке келтірілді. 12 комбайншы бар. Тағы да 20 комбайншы Оралдың механикаландыру мектебінде оқып жатыр. Егін жыйнау басталғанға дейін небәрі 32 комбайншы болмақ.

Бұл сайын 200 мың пұттан астық бастыру белгіленді. Орталық усадьбада үш жабық қырман салынды. Олар қатар орналасқан. Олардың алдында үлкен алап бар. Әрбір қырманда көзіндік өзінде бір-бірден «ОСМ-8» маркалы астық тазартатын жаңа машина орнатылды. Мұндай қырман тәулігіне 60 мың пұт астық өңдейді. Әрқайсысының сыйымдылығы біржарым мың тонна болатын тағы да үш жабық қырманның құрылысы басталды. Совхозда мың тонна болатын тағы да үш жабық қырман салынып жатыр. Онда типтік үш астық қойма да салынуда, олардың әрқайсысына 200 мың пұт астық сыйады. Мұнда астық пен совхоздың тұқымдық астығы бөлек сақталатын болады.

Әрқайсысының сыйымдылығы 200 тонна болатын жемшөп сүрлейтін алты траншеяның құрылысы өрістеді. Траншеялардың қабырғаларына жалпақ тас қалтау ұйғарылды, мұндай тас бұл жерде өте көп

және тамаша құрылыс материалы болып табылады.

Жуырда алынған астық тазартатын «ЗСП-1,5» маркалы жылжымалы машина, басқа да агрегаттар, автопарк егін жыйнауға өзірленуде. Техника әлі алында. Совхоздың басшылары және оның партия, қоғамдық ұйымдары егін жыйнау кезінде бұқаралық-саяси жұмысты өрістету жөнінде көзіндік өзінде шаралар белгілеуде. Мұнда барлық ұзақ-түйекке дейін өскерілуде, жаздырып алынатын газеттердің стол үсті ойындарының, гармонь-баяндардың, физкультура құралдарының саны өсетелуде. Трактор-егіс бригадаларында көпшілікті тамақтандыру жағдайы тексеріліп, егін орағы кезінде жоспар бойынша алынатын азық-түлік есебінен ғана емес, сонымен қатар ішкі резервтер есебінен де тамақтандыру ісін жақсарту ұйғарылды. Балалар да ұмытылған жоқ. Оларға балалар бақшасы мен ясли қызмет істейтін болады.

«Калининский» совхозы поселкесінің электр отары кеш түсісімен далалықта алыстан көзге түсіп жарқырап тұрады. Мұнда кәзір 5 көше—Ленин атындағы, Комсомол, Профсоюзная, Хрущев атындағы, Дачная көшелері бар. Поселкеге өіре берісте жүк автотранспортының өтуіне болмайды деген белгілер қойылған. Мұнда адамдарға қамқорлық жасалады. Көшелердің жағалауына жас ақ қайындар мен теректер отырғызылған. Бараналарда күміс-түсті репродукторлар ілінген.

Тамаша сылақталған 43 тұрғын үйдің жалпы аймағы 3.300 шаршыметр. Совхоздағы әрбір адам басына інақанда кәзір 3 шаршыметрден тұрғын үй келеді, ал қысқа дейін кемінде бес шаршыметрден болады. Құрастырмалы тағы да бірнеше үй салынып жатыр. Совхоздың дирекциясына меншікті үй салуға тілек білдіргендерден 65 өтініш түсті. Олардың отызына кәзірдің өзінде мемлекет ұзақ мерзімді несие берді, учасқотар бөлінді, совхоз құрылыс материалдарын, транспорт құралдарын

беріп көмектесуде. Көптеген үйлердің төбесіне орнатылған қараторғай ұясы да көзге түседі. Сірә, қараторғайлар да бұл жерге ұзақ мекендесе керек.

«Калининский» совхозында бір жыл ішінде жүзеге асырылып отырған ең балғалы іс—партияның шақыруымен, жүректің өмірімен тың игеруге Украинадан, Белоруссиядан келген, жаңадан қоныстанушылардан құралған, қиыншылықтарды жеңуге бекем бел байлаған, өңбек, күрес үстінде ынтымақтасып достасқан үлкен, ұйымшыл коллективпен, әзірге шағын да боса, берік партия ұйымы болып отыр. Олар барлық істе де—тың көтеруде, құрылыс жұмыстарында, көктемгі егіске және кәзір егін жыйнауға өзірлікте ұйқымен, демалыспен есептеспестен қажырлылықпен жұмыс істеп келеді.

Комсомолец тракторшы Воробьев тың жұртуда да, егін егуде де екі нормадан орындады. Комсомолец тракторшылар Корсун, Гайдай жолдастар және басқа жүздеген адамдар да осылайынып өңбек етті.

—Бізде 240 комсомолец бар,—деді директор.—Олар сенімді адамдар, қажет болса тас жарып, тау қопарады.

Тың игерудің бүкілхалықтық зор ісі—сенімді қолда. Мемлекет «Калининский» астық совхозының ұйымдастырылуына көзіндік өзінде 10 миллион сом шамасында қаржы жұмсады. 1960 жылға дейін 1.500 сыйыры, үш мың шошқасы, кемінде 30 мың құсы болуға, тиеті шаруашылықты өркендетуге кәзір де елеулі қаржы жұмсалуда. Шаруашылықты алғашқы қадамынан бастап табыс бере алатындай егін жолға қоюды мұндағылар өздерінің ең бірінші кезектегі міндеті деп санайды. Олар жұмсалған мемлекеттік қаржыны үстіміздегі жылдың өзінде-ақ өтеп қана қоймай, сонымен қатар быйылғы жылы жоспардан тыс таза табыс алумен аяқтауды ойластыруда.

О. ОГНЕВ.

Ақмола облысы, Атбасар ауданының «Калининский» астық совхозы.

Екі совхоздың жарысы

Ұзынкөл совхозының коллективі алған міндеттемесін орындауға тиіс

Мал шаруашылығының негізгі көрсеткіштеріне қарағанда, социалистік жарыстың қорытындысы Совет совхозы (директоры Чаусов, партия ұйымының секретары Кравченко жолдастар) Ұзынкөл совхозынан (директоры Газенко, партия ұйымының секретары Грачев жолдастар) алда келе жатқанын көрсетті.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДЕГІ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР 1 ИЮНЬДЕГІ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША (Жоспардың орындалу проценти)

Table with 3 columns: Совет совхозы, Сыйыр малын өсіру, Оның ішінде сауын сыйыр, Шошқа өсіру, Оның ішінде мегемін, Әрбір сыйырдан алынған сүт, Ұзынкөл совхозы, Сыйыр малын өсіру, Оның ішінде сауын сыйыр, Шошқа өсіру, Оның ішінде мегемін, Әрбір сыйырдан алынған сүт.

өткен сегіз айдың ішінде әрбір сыйырдан небары 580 литрден гана сүт алынды. Бұл — әрбір сыйырдан түулігіне 2,4 литрден гана сүт сауылды деген сөз. Совхоз басшылары жағдайдың осындай нашар екенін біле тұра іетін жайын жедел жақсартудың шараларын кезінде белгілемеді.

Кәзіргі уақытта Ұзынкөл совхозы шөп шабуға кірісті. Бірақ бұл жұмыстың ұйымдастырылуы әлі де қанағаттанғысыз. Шөп машиналары түгелінен жұмысқа қосылған жоқ.

Рас, совхоз коллективі мың гектардан астам жүгері өгіп, оны баптап- күтуде. Міндет — жүгеріден мол өнім алумен бірге, оны держесінде сапалы сұрлеуде. Сондықтан кәзіргі уақытта сүр азық дайындайтын орындарды өзірлеу, демек, траншеялар мен орларды қазу жұмыстары кең өріс алуы керек. Совхозда бұл жұмыстарды қарқынды жүргізуге қажетті техника күші жеткілікті.

Совхоз партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары мал өсірушілер арасында үгіт- бұқаралық жұмысын кеңінен өрістетуге, олардың социалистік жарыста алған міндеттемелерінің орындалу барысын үнемі қадағалап отыруға, бұл істе малшыларға қолма- қол көмек көрсетуге тиіс.

Ұзынкөл совхозының коллективі мал шаруашылығын өркендетуде артта қалушылықты тезінен жоюға, сөйтіп, өздерінің көршілестеріне теңелуге міндетті.

Мал шаруашылығын өркендетуге аталған екі совхозда күш- мүмкіншілік бірдей. Совет совхозының коллективі ішкі резервтерді толық пайдалану арқылы мал қыстату, төл алу маусымдарын ұйымшылдықпен өткізді. Осының нәтижесінде мұнда мал шығынына жол берілген жоқ. Төлдердің шығынсыз отарға қосылуы шаруашылықта мал өсірудің жоспары негізгі түліктерден толық орындалуына мүмкіндік туғызды.

Ал Ұзынкөл совхозында жағдай мұндағыдан жерінінше болып отыр. Совхоз басшыларының мал шаруашылығына күнбе- күн маңғыты басшылық жасамауларынан малдың, әсіресе төлдің көптеп шығын болуына жол берді. Осы себепті совхозда сыйыр малын өсіру жоспары 88 процент, шошқа өсіру жоспары 59 процент ғана орындалып отыр.

Мұнда мал шаруашылығының өнімділігін арттыру ісінде де, елеулі кемшіліктер бар екенін атап айту керек. Совхозда

Өнімді мал шаруашылығын өркендету жолында

Біздің совхоздың коллективі СОКН Орталық Комитеті январь Шленумының қаулысын басшылыққа ала отырып, ағарамдық мал басын көбейтуде және оның өнімділігін арттыруда бірқатар жұмыстар істеді. Коллектив мүшелері мал шаруашылығының өркендей түсуі мал қыстатуды және төл алуды табысты өткізуге байланысты екендігін жеңе түсініп, қыс уақытында мал күтімін едәуір жақсартты.

Малды азықтандыруда және күтуде зоотехникалық-малдәрігерлік ережелердің мұқият жүзеге асырылуы мал шығынына жол берген жоқ. Қысқы уақытта сыйырлардың құнарлылығы өткен жылдан арттырылды. Совхоз сауыншылары өткен жылдың 1 октябрінен үстіміздегі айға дейін әрбір сауын сыйырдан 806 литр сүт алды. Осының негізінде мемлекетке сүт тапсыру қарқынды ұйымдастырылып келеді.

Мал өсірушілер, әсіресе төл алу маусымына ерекше назар аударды. Мұның өзі игі нәтижесін берді де. Шошқа өсірушілер 408 төрай алып, оларды шығынсыз өсіруде. Бұл жұмыста

И. ЧАУСОВ, Совет совхозының директоры

себеп болып келеді. Кәзіргі уақытта совхоз сауыншылары істепі кемшіліктерін жоюда, сөйтіп, алдыңғы қатарлылардың тәжірибелерін өз істеріне кеңінен пайдалануда.

Совхоз коллективі өздерінің мүмкіншіліктерін есептей отырып, мал басын өткен жылғыдан едәуір көбейтуді жоспарлаған болатын. Олар жоспардың мінсіз жүзеге асырылуына барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмылдырып, мал басын көбейтті. Осының нәтижесінде кәзіргі өзінде совхозда мал өсіру жоспары қара малдан—109 процент, оның ішінде сауын сыйырдан 96 процент, шошқадан—104 процент орындалды.

Мал шаруашылығының барған сайын өркендей түсуі малдың жайлы, жылы қоралармен қамтамасыз ерілуіне де байланысты. Біз бұл іске де айырықша көңіл бөліп отырмыз. Кәзіргі уақытта совхоз бөлімшелерінде мал қораларын салу жұмысы кең өріс алды. Әрбір бөлімшеде құрылысшылар бригадалары ұйымдастырылып, бригада мүшелері құрылыс материалдарымен жеткілікті мөлшерде жабдықталды. Быйыл совхозда барлығы 1 миллион 300 мың сомның құрылыс жұмыстары

Библиография

ОТТЫ ЖЫРЛАР

1949 жылы 1 октябрде бүкіл дүние- жүзілік тарихи зор маңызы бар аса ірі оқиға болды. Ғасырлар бойы шет- елдік империалистер мен жергілікті са- тылғыштардың езуншілігінде болған 600 миллион қытай халқының аңсай күткен арманы—азаттық пен ұлттық тәуелсіздік- ке қолы жетті. Езуншілік түнегің тілгілеп, жарқыл қаққан найзағайдай жиі-жиі бұ- рық етіп келген халық қарсылығы ақы- рында Қытай Коммунистік партиясының басшылығымен қаһарлы тұтас күшкө айналды да, азатты да ауыр өмірдің ел ыйығын езген батпан жүгін біржолата төңкеріп тастады. Түбегейлі өзгеріс жа- салып, ұлы Қытай Халық Республикасы құрылды.

Ел азаттыққа жеткен соң сол елдің со- нау ерте дүниеден, көне заманнан бері келе жатқан өзіндік салмағы, талай дәуір, талай ғасыр бойы алақанға жыйналған тамшыдай біртіндеп құралған бай қоры бар мәдениеті мен әдебиеті де азаттық ал- ды. Қытай әдебиеті, соның ішінде, поэ- зия да шын мәнінде тек халықтық өкмет орнағаннан кейін барып жан-жақты да- мып, өрлеу жолына бой ұрды. Көне әде- биет қайта жаңғырып, қанатын кеңе- жайды да, биікке құлаш сермеді. Ол кә- зір жер шарының барлық елінде де қуат- тылығымен толық дәрежесінде танылып отыр.

Қытай әдебиетімен жұртшылығымызды таныстыру, әсіресе біздің елімізде кеңінен қолға алынған іс. Қытай әдебиетінің асыл мұралары ССРО халықтарының тілдеріне жанпай аударылуда. Бұл сыяқты ортақ- тығы мол игі істен Қазақстан ақын, жа- зушылары да шет қалмай, өз үлестерін қосуда. Өткен 1954 жылы Қазақтың Мем- лекеттік көркем әдебиет баспасы «Жаңа Қытай поэзиясы» деген жыйнақты орыс тілінен қазақ тіліне аударып, басып шы- гарды. Сөйтіп қазақ оқушыларын қытай поэзиясымен таныстыруда абройлы қалам жасады.

Ұлы істі орындау қолынан келген ұлы халықтың азаттық жеңісіне феодалды ғасыр бойы жүргізген ерлік күрес нәти- жесінде гана ие болғаны, бұл күрестің және империалистік езуншілікке қарсы аса ауыр да қиын жолынан өткені бел- гілі. Екі бөлімнен тұратын «Жаңа Қытай поэзиясының» бірінші бөлімі, міне, осы тақырыпқа арналған. Сондықтан да ол «Азаттық күрес үндері» деп аталады. Бұл бөлімде ұйықымалы, қыйлы кезеңде им- периализмге қарсы күреске белсене қыз- мет еткен поэзияның інжу-маржандары топтастырылған. Қыяға қанат сермеген қырандай өршіл жырлардың қай-қайсы- ның болмасын өзінің туған дәуіріне сай ерлікке, азаттыққа үндеуге, опасыз жау- лардың сазайын тартқызуға шақырудың жалынды лептері шалқылды.

Жыйнақтың бірінші беті қытай халқы- ның ұлы ерлері Мао Цзэ-дуннің «Атқан

нұн, бұл тудың жығылмастан дүрілдей желбіреуі ұлы совет елінің көмегінің нә- тижесінде екенін айтып, ой тастайды. «Батыс желі»—совет елінен соққан жел, яғни советтік идея. Ол—жеңілмес ұлы күш, бостандық пен ұлт азаттығына ұм- тылған езгідегі елдердің дем берушісі, қолдаушысы, арқа сүйер таянышы. Міне, Мао Цзэ-дун осы жайды айтып, жауын- герлеріне рух береді, сершілтеді.

Сондай-ақ ақын Хо Цзин-жидің «Көк- тем желі» деген өлеңін. Алайық... «Көктем желін адамдар өте жақсы көреді. Өйткені ол алты ай қыс бойы қара жердің бетін құшағына алып, бауырлай сіресін жат- қан қалың қарды бұзады. Жер бетінен ысырып ағады. Сөйтіп, артынан жа- дыран көктем шығады. Ағаштар жапы- рақ жарып, жер көктейді. Гүлдер шешек атып құлшырады... Бұл табиғаттың көрі- нісі, өзгерісі болса, Қытай елі де дәл осындай түрленді. Алып ел жаңғырып, көкегі шақырған көктемдей салтанатқа бөленді. Ал, өсіп тұрған көктем желі со- вет елі жағынан келіп жетулі, демек, бұл жерде де ақынның өз ойын образды те- неу арқылы оқушысына ұғындырып тұр- ғанын көреміз.

Жалғыз бір ғана автор емес, бұл жый- нақтарғы авторлардың көбі-ақ осындай терең мағналы сөздерін ұлы қытай хал- қының жүресіне дем берген, күшіне есе- деген сарқылмас қуат қосқан совет еліне арнайды.

Осы бөлімдегі жырлардың қай-қайсы- сы болмасын өкпінді, отты болып келген- дігімен оқушысын шексіз сүйсіндіреді. Сонымен бірге бұл жырларда саяси жа- рынан аса өткірлік те ұстамдылық та мол. Ертеңгі күнге көз жіберіп, бостандыққа талынған қытай халқының ақтап кел- генде жеңіске жететініне сөзсіз сенушілік басым.

Қытайдың кәзіргі заманғы ең ірі ақын жазушыларының бірі Го Мо-жо өзінің «Қызыл шұғылаң астында кездесеміз» атты жырында:

«Мейлі түннің ұзарсын түнек кезі, Білеміз біз: туады—жарық анық» дейді. (17-бет).

Өз халқының патриот ақыны бұл жерде гоминдандық бандалардың елді кіріптар- лыққа душар еткен аюандығын түп түне- гіне төлеп, мейлі оның үстемдігі қанша ұзақ болса да халық азаттығының сәулесі әлемге нұр шашып, шығыстан көтерілген алтын күндей бәрі бір туады деген опти- мистік түйін тастайды.

Бірінші бөлімдегі мазмұн, идея жағынан өте терең, кең толғаудан туған өлеңдер- дің бірі—ақын Ван Сю-эбинің «Комму- нистерсіз Қытай жоқ» (36 бет) деген өлеңі. Ақын бұл өлеңінде өте бір күрделі ойды шеберлікпен ашады. Ол Қытай Халық Республикасының салтанат құ- ралына жеткенін, сол заманғы Қытай

деп келсе, ақын Ай Цин өзінің «Атқан таң туралы жыр» атты өлеңінде:

«Күн шығыстан, көк мұхиттан мен келем,

Онда әр жел толқынды үріп, тербеген» —(66-бет) деп, атып келе жатқан таңға сөз береді, сөйлетеді. Таң ақынға «Мен атып келе жатырмын, ақынмы, сен ха- барла осыны елге» деген сыяқты талап қояды. Бұл жерде екі ақын сыртқы фор- масын әрқайсысы өз стиліне қарай икем- деп алғанымен, негізінде бір мазмұн, бір идеяны жырлайды. Екеуі де шыққан күн мен атқан таңға қытай революциясын теңейді.

Бұл бөлімдегі жырлардың тақырыбы бай, әр алуан дедік. Сол алуан түрлі та- қырыптың бірі—бейбіт еңбекті жырлау.

Лю Ван-юй «Сяо Фын-Еңбек ері» де- ген өлеңін еңбек арқылы даңққа бөленіп, үзге өкпінділер сөзіне барып келген Сяо Фын қызға арнаса, Ван Я-пиннің «Хуанхэ өзенінің ері» атты өлеңінде Ван Гу деген шаруаның елі үшін еткен еңбек- тегі ерілігін жырлайды...

...Қытай халқының ұлы жеңісінің нә- тижесінде империалистік отаршылдық системаның тар бұғауы 1917 жылдан соң тағы да бір рет ойсырай үзіліп, им- периализмнің бүкіл дүниежүзілік систе- масына аса ауыр соққы тиді. Сондық- тан АҚШ бастаған империалистер қолда- рынан келсе қытай халқын қанға тұн- шықтырып гоминдандық сатқындрды үкмет басына қайта қоюға әрекетті күн- шейте түсуде. Аяғын чанкайшилік бан- даларға көмектесіп, Ұлы Қытай жерін өзінің Шығыстағы үстемдігінің бірден- бір табан тіреп басты базасы ретінде пай- даланбаққа тырысуда. Олар бұл елге қарсы соғыс қаруын төгіп, Тайваньды оккупациялап алды.

Империалистер тарапынан болған мұн- дай мақдара өзбырлық Қытай еңбекшіле- рінің әділетті ашу-ызасын тудырды. Сюй Шу жэнь «Отанды қорғаймыз» деген өлеңінде:

«Американ солдаттына ишпен.

Үйімізді қоймаймыз еш билетіп» — (129-бет) деп халық пікірін, оның залым жауға еселеген соққы беруге әзір отыр- ғандығын білдірсе, Ван Я-пиннің «Аме- рикан самолеттерінің сойқандық әрекет- теріне қарсылық», Ша Оудың «Соғыс саудагерлерінің қолын көсеміз» атты өлеңдерінде де дәл осындай ой, ниет ай- қып, ашық беріледі.

Американ империалистері Тайваньды оккупациялаумен шектелмей, Кореяда да сойқанды бүлік салды. Оңтүстік Кореяда дисынмандық тобырдың қолына қару беріп, Корей Халық Демократиялық Рес- публикасына қарсы айдап салды. Ұзамай бұл қырғынға өздері де араласып жет- ті. Кореяның қалаларын күл мен ұйыңды, далаларын қазған орға ай- талдырып, Сол Корея қытай халқы

уындағы 30 мегежіннен 360 торай алынуын және олардың шығынсыз өсірілуін қамтамасыз етті.

Аға шошан Соболев жолдастың да еңбегі айтарлықтай. Ол әрбір 100 саулықтан 108 қозы алып, қойлардың жүндестігін өткен жылдан 300—400 грамм арттырды.

Біздің совхозда бірқатар сауыншылар сыйырлардың құнарлылығын арттыру күресінде зор табыстарға ие болып отыр. Мәселен, сауыншы А. Леценко жолдас қарауындағы әрбір сыйырдан 1154 литр сүт алды. Осы сыяқты сауыншылар Г. Коб және М. Коб жолдастар да әрбір сыйырдан 1140 литрден сүт алуға жетісті. Совхоз партия ұйымы, дирекциясы мұндай алдыңғы қатарлы сауыншылардың тәжірибелерін зерттеп, оны көпшілік ішкілігіне айналдырды.

Аталған сауыншылардың табысқа жетуін олардың өз міндеттеріне жауаптылықпен қарауларынан, сыйырларды саууда зоотехникалық талаптарды мұқият жүзеге асыруларынан және мал күтіміне ерекше назар аударуларынан деп түсіну керек. Бізге кейбір сауыншылар өз жұмыстарын бұл талаптарға сай ұйымдастырмаған. Мұның өзі сүттің аз алынуына негізгі

жүргізеді. Мұның едәуір бөлігі мал қораларына жұмсалады.

Коллектив мүшелері қоғамдық мал үшін жемшөптің берік базасын жасаудың бірқатар шараларын белгілеп, оны мұқият жүзеге асырды. Механизаторлар мен жұмысшылар бйыыл 910 гектар жүгері екті. Жүгері егуде шаршы-ұялы өдіс кеңінен қолданылды. Мұның өзі егінді баптап-күту жұмыстарын техника күшімен атқаруға, сөйтіп, жұмыстың өнімді болуына мүмкіндік туғызып отыр.

Жүгеріден мол өнім алу совхоз малын сүрлем азықпен қажетінше қамтамасыз етеді. Бізде бйыыл әрбір сыйыр малына 10-12 тонна сүр азық дайындауға мүмкіншілік бар. Сондықтан бұл күндері бөлімшелерде сүр азық әзірлейтін орындар салу жұмысы қарқынды жүргізілуде. Жемшөп сүрлейтін орлар мен траншеяларды қазуға техника күші өнімді пайдаланылып келеді.

Біздің совхоз мал шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, социалистік жарыста әр уақытта да алдыңғы қатарда болады.

Көршілерімізден қалыспаймыз

Үстіміздегі жылдың ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізуде біздің совхоздың коллективі Совет совхозының коллективімен социалистік жарысқа түсіп, егіншіліктің мәдениетін арттыруда, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алған болатын.

Совхозда қоғамдық мал шаруашылығын қарқынды өркендетуге, әсіресе малдан алынатын өнімді арттыруға мүмкіншілік зор болды. Бірақ совхоз партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының, дирекциясының коллективі мүшелерін мал шаруашылығын өркендету күресіне ойдағыдай жұмылдыра алмағандығын мойындау керек. Мұның ақыры біздің мал шаруашылығында елеулі кемшіліктерге жол берімізге әкеліп соғып отыр.

Бізде, әсіресе мал қыстату маусымын өткізуде елеулі кемшіліктерге жол берілді. Малшылардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылмауы және бұл іске басшылықтың нашар болуы себепті көптеген мал шығынға ұшырады. Ірі малды қоспағанда 73 бұзау және 40-тан астам астам торай шығын болды.

Үстіміздегі жылы совхоз сауыншылары әрбір сыйырдан орта есеппен екі мың литрден сүт алуға міндеттенген болатын. Егер сауыншылардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылған болса, істің жайы едәуір жақсарған болар еді. Бірақ МТС дирекциясы сауын малды құнарлы жемшөптен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етпеді. Әсіресе сыйырларға сүр азық мүлдем аз берілді. Осының салдарынан бізде өткен жылдың 1 октябрінен үстіміздегі жылдың 1 июніне дейін әрбір сыйырдан орта есеппен небары 580 литрден ғана сүт алынды.

Біздің совхозда мал шаруашылығын өркендетуде айтарлықтай табыстарға ие болып жүрген малшылар аз емес. Мәселен, сауыншы Аңрегова жолдас жоғарыда көрсетілген мерзімде өзінің қарауындағы әрбір сыйырдан 800 литрден астам сүт алуға жетісті. Бұзаушы Мария Никитина жолдастың да еңбегі айтарлықтай. Ол қарауындағы 33 бұзауды шығынсыз өсіріп келеді. Осы еңбегі үшін Никитина жолдас Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрсесіне қатысуға право алып отыр.

Совхоздың аға шошаны Шәкімов жолдастың да еңбегін коллектив мүшелері мақтап етеді. Ол бйыыл 950 қойдың әр-

Н. ГРАЧЕВ,

Узынкөл совхозы партия ұйымының секретары

★

жәлемеді.

Бастауыш партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары кәзіргі уақытта бұл сыяқты алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің іс тәжірибелерін кеңінен насихаттауда. Сонымен бірге социалистік жарыста алынған міндеттемелердің орындалуын әрбір он күн сайын тексеріп, қорытындылайды. Істегі орын алған кемшіліктерді жоюдың шараларын белгілеп, оның мұқият жүзеге асырылуына мүмкіншіліктер туғызуда.

Қоғамдық мал шаруашылығының өркендей түсуі кәзіргі уақытта бірқатар ауылшаруашылық жұмыстарын табысты өткізуге байланысты. Оның негізгісі — мал үшін құнарлы жемшөп әзірлеу. Кәзіргі уақытта біздің совхоздың механизаторлары шөп шабуға кірісті. Демек, жемшөп дайындаудың барлық процестері механика күшімен атқарылуда.

Сол сыяқты, сүр азық дайындауға да бірқатар өзіндік жұмыстары жүргізілді. Совхоз көлемде сүрлем үшін 1083 гектар жүгері екті. Бұдан басқа да екі мың гектардай малазық-ғындық дақылдар егілді. Коллектив мүшелері малазық-ғындық дақылдарды күтуді тыңғылықты ұйымдастырып, қарқынды жүргізуде. Сонымен бірге совхозда сүрлем дайындайтын орындарды әзірлеу жұмысы кең көлемде жүргізілуде. Бұл уақытқа дейін оннан астам жемшөп сүрлейтін траншеялар мен орлар қазылды.

Социалистік жарыстың кәзіргі барысында мал шаруашылығын өркендетуде біздің совхоздың коллективі көршілері Совет совхозының коллективінен артта қалып келеді. Коллектив мүшелері бұдан тиісті қорытынды шығарып, мал шаруашылығындағы орын алған кемшіліктерді дереу жояды. Сөйтіп, коллектив көршілерінен қалыспайды және олардың тәжірибелерін мұқият зерттеп, өз жұмыстарына кеңінен пайдаланатын болады.

қайсысынан үш килограмм жүн алуға міндеттенсе, оны аброймен орындап шықты. Қой қырқудың қорытындысы оның қарауындағы әрбір қойдан 3,4 килограмнан жүн алынғандығын

Жорықты еске алу» деген өлеңімен ашылады. Бұл өлеңді ақын Қытай Қызыл Армиясының 1934—1935 жылдардағы жапон шапқыншыларына қарсы күресіне арнап жазған. Төрт-ақ шумақтан тұратын көлемі шағын өлеңде жорықтың ауырлығы, әскерлердің табанды дажымас-қайрат ерлігі жайлы сөз болады.

«Жолда жатыр тасыған он мың өзен, Мыңдаған таулар жатыр асқарланып, Бірақ Алыс Жорыққа, қыйын кезең Сөз бе екен,—әскеріміз асар жарып (5-бет).

Міне, дарынды адамның толғауынан туған осы бір төрт жолды өлеңде сараң да мағналы сөздермен жолдағы қыйындықтар ұтымды айтылып, сол қыйындықтарды жеңуге деген рух желі есіп тұр.

Кітаптың екінші бетіндегі осы автордың «Алыс Жорық жайында» деген өлеңінде де «Батыс желі гүлден тұр жалауға» деп аз сөзбен көп ойды, ұлы идеяны жарық еткізіп ашып тастайды. Ақын оқушыға қытай халқының бостандыққа деген өр талабына, тәуелсіздік туын желкідетер көтеруіне Ұлы Октябрь социалистік революциясының тікелей әсері тиге-

Қала еңбекшілерінің жексенбілігі

Өткен демалыс күні қаланың кәсіпорындары мен мекемелерінің коллективтері Петропавл ауданының колхоздарына жексенбілікке барып, жүгеріні күтуге көмектесті. Дәл осы күні аудан еңбекшілері жүгеріні жегенелуге шықты.

Аудан колхоздарының жүгері өккен участоктерінде екі мыңнан астам қалалықтар жұмыс істеді. Олар село еңбекшілерімен бірлесіп жұмыс істей отырып, бір күн ішінде мың гектарға жуық жүгері шаршысын жегенеледі.

Сталин атындағы, «Красный пахарь» колхоздарында жұмыс істерен теміржолшылар 250 гектар жүгеріні жегенеледі. Сондай-ақ, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жұмыс істерен ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумының студенттері де жақсы көрсеткіштерге ие болды. Қала тұрғындары алғаш күндерде де село еңбекшілеріне жүгері өсіруге көмектесіп, жексенбіліктер жасап тұрмақ.

К. ӘЛБЕКОВ.

Салық төлеудің озаттары

Преснов ауданы, Жамбыл атындағы совхоздың жұмысшылары ауылшаруашылық салықтарын мерзімінен бұрын өтеп, мемлекетпен өсеті айырысуда. № 3 бөлімшенің жұмысшылары Е. Құсайынов, О. Асаубаева және басқалары ауыл шаруашылығы салығын өтеп болды. Мұндай жұмысшылар совхозда көптеп саналады.

Е. СҰЛТАНОВ.

Коммунистік партиясын жырлайды. Коммунистердің халық үшін қызмет етіп, халық бақыты үшін күресетінін, жеңістен жеңіске бастайтынын, жауға мейрімсіз қаталдығын айта келіп:

«Коммунистер болмаса —Қытай болмас» —деп түбеді.

Кітаптың екінші бөлімі «Жаңа Қытай жырлайды» деп аталады. Бұл бөлімге елде Халық Республикасы орнап, Председатель Мао Цзэ-Дун басқарған Орталық халық үкметі құрылғаннан кейінгі кезеңде туған өлеңдер кіргізілген. Егер кітаптың бірінші бөлімі елді күреске, азаттық алуға көтерілуге ұрандаса, мына бөлімде жаңа турмысты, бейбіт еңбекті, жанарған елдің сәулетті көркін жырлау басым. Сонымен бірге бұл бөлімде де ұлы совет еліне арналған талай-талай тәтті жырлар бар.

Бөлім ақын Чжан Сун-жудың «Жарқырады Шығыс» атты өлеңімен басталған. Бұл өлеңде ұлы Қытай Халық Республикасының орнауы Шығыстан шыққан жаңа күн баламында алынады.

Бұл өлеңде ақын:

«Жарқырады Шығыс.

Көгіңде туды жаңа күн,—» (65-бет)

Панфиловшылардың үлгісімен

Совет ауданының еңбекшілері Талдықорған облысы Панфилов ауылшаруашылық артелі колхозшыларының жас ұрпақтарды тәрбиелеу ісінде, мектептерге жан-жақты көмек көрсету жөніндегі патриоттық үндеуін қызу қолдап отыр.

Шағлы астық совхозының жұмысшылары мен қызметшілері панфиловтықтардың үндеуіне жауап бере отырып, жетіжылдық мектепті орта мектепке айналдыру үшін мектеп үйіне қосымша жаңа класс бөлмелерін салуға міндеттенгенді. Олар бұл міндеттемені іске асыруға кәзірден бастап кірісті. Жетіжылдық мектептің жанынан 150 оқушыға лайықталынып төрт бөлмелі үй салынды.

Сондай-ақ Совет ауылшаруашылық артелінің мүшелері өздерінің күш-қаражатымен мектепке екі класс бөлмесін салып беруге ұйғарды. Бұл құрылысқа керекті 30 текшеметр құрылыс ағаштары дайындалып, құрылысшылар тобы жұмысқа кірісті. Олар мектепті жаңа оқу жылына қажетті отынмен де қамтамасыз етті.

Ленин атындағы және Сталин атында-

Мемлекетке жүн сатты

Октябрь ауданындағы «Щит» колхозы қой қырқуға ұйымшылдықпен кірісті. Колхоздағы 2 мыңнан астам қой күні бұрын дайындалған арнаулы орындарда электр агрегатымен қырқылды.

Колхозда әрбір қойдан 2 килограмм

ежелден қаны өп көрсетік бауырластарға қол үшін созып, азулы жыртықштардан қорғау үшін өзінің еріктілерін жіберді. Бүкіл елде американ агрессиясына қарсылық білдіріп, туысқан халыққа көмек көрсету қозғалысы мықтап ұлғайды. Мұндай ортақ мүддеге қытай ақындары да қызу ат салысты. Олар өздерінің отты өлеңдері мен халықты күреске үндеді. Дәл осы кезде Янь Лань:

«Сұрқия жау отына күймеу үшін,— Нұрланып Отанымыз гүлдеу үшін,— Жок, біздер тысқары қан тұра алмаймыз!».

Бұл жерде ақынның орамды тілі халық ойын, пікірін тамаша дәлдікпен айтып берген. Қытай халқының Кореяны қорғауға не үшін өз еріктілерін жіберетіндігі басқаны қойғанда осы бір шумақ өлеңнің өзінен-ақ айқын көрініп тұр.

Ұлы қытай халқының отты жырлы тамаша поэзиясымен қазақ жұртшылығы таныстыру мақсатымен «жаңа Қытай поэзиясы» кітабын жарыққа шығарған Қазақстан Мемлекеттік көркем әдебиет баспасының бұл бастамасы қуанарлық іс.

Е. МЫРЗАХМЕТОВ.

ғы колхоздардың мүшелері де панфиловтықтардың үндеуіне ісерік жауап беруде. Олар халық ағарту ісіне көмек көрсету мақсатында 10-15 мың сомнан қаражат босатты.

Осымен қатар ауданда мектептердің оқу материалдық базаларын нығайту бағытында да елеулі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мәселен, Ивановка жетіжылдық мектебінің оқытушылары мен оқушылар коллективі көрнекі құралдар мен лабораториялық аспаптарды түгелдей жөндеп, көптеген жаңа көрнекі құралдар жасады. Оқу тәжірибе участогін үлгілі ұйымдастырғаны үшін Қазақ ССР Оқу министрлігінің грамотасымен наградалған Смирнов орта мектебінің коллективі оқу мастерскойын ұйымдастыру және көрнекі құралдар әзірлеуді мектеп үйлерін жөндеумен ұштастыра жүргізіп отыр. Сол сыяқты, Астраханка, Борки жетіжылдық мектептерінде де жаңа оқу жылына өзіндік жұмыстары қызу жүргізілуде.

С. ҚАЮМОВ.

500 грамм жүн алынды. Колхоз мемлекетке жүн тапсырудың жартыжылдық жоспарын ойдағыдай орындап шықты. Жоспардан тыс мемлекетке жүн сатып, оған колхоз 80791 сом пайда тапты.

Ж. КӨКЕНОВ.

ССРО мен Индияның достығы — бейбітшілік ісіне қосылған маңызды үлес

Аса жернекті саяси қайраткер және бейбітшілік пен халықтардың достығы жолындағы қажымас күрескер — Индияның Премьер - Министрі Джавахарлал Нерудің ресми сапармен Совет Одағына келуі бүкіл дүние жүзі жұртшылығының назарын әлі де аударуда. «Нерудің сапарына, — деп жазды Индияның «Амрита-базар патрика» газеті, — бүкіл дүние жүзі зор назар аударып отыр, өйткені бұл сапардың үлкен маңызы бар, ол халықаралық өзара түсінісу, шиеленісті бәсеңдету, бейбітшілік пен достықты нығайту ісіне үлес болып қосылады». Нерудің Москваға келген сапары, деп жазады шетелдік демократиялық баспасөз бір-ауыздан, Индия мен совет халықтары арасында экономикалық және мәдени ынтымақты нығайтуға сөзсіз жеткізеді, халықаралық жағдайға өзінің игі ықпалын жасайды.

Индия — Оңтүстік-Шығыс Азиядағы аса ірі ел, оның халқы 360 миллион адам. Индияның жаратылыс байлығында алуан түрлі көндер бар. Бірақ Индия бірнеше жүздеген жылдар бойы Англияның отары болып келді. Оның ұлттық байлықтарын империалистер аяусыз қанаң, тонап келді, ағылшын отаршылдары Индияны Англияның аграрлық-шикізат шылауы ретінде сақтап қалуға тырысып, Индия өнеркәсібінің дамуына мейлінше бөгет жасады.

Бірақ еңбексүйгіш, талантты индия халқы өзінің отаршылдық жағдайда болуына ешқандай да келіспеді, шетел басқыншылары мен қанаушыларына — ағылшын империалистеріне қарсы өрлік күрес жүргізіп келді.

Бұдан бес жыл бұрын индия халқы отаршылдық төртінгі жойды: 1950 жылы Индия Республика болып жарияланды. Ол кезде күшіне енген индия конституциясы Индияны суверенді мемлекет деп жариялады.

Индия республикасының құрылуына дүниежүзілік екінші соғыста фашистік агрессорларды талқандау нәтижесінде Азияда болған тарихи өзгерістер зор дәрежеде көмектесті. Қытай Халық Республикасының құрылуы және Индия Республикасының жариялануы отаршылдық саясатқа өлтіре соққы берді. Азия халықтарының ұлт-азаттығы күресін жаңа сатыға көтерді.

Индия тәуелсіз даму жолына түсіп дербес сыртқы саясат, бейбітшілік пен халықтар арасында достық саясатын жүр-

Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды праволарын қалпына келтіру үшін күресуде. Оның бер жағында индия жұртшылығы бұл мәселенің ойдағыдай шешілуі Қызыр Шығыста және бүкіл дүние жүзінде шиеленісті бәсеңдетуге көмектескен болар еді деп көрсетуде.

Индия белсене қатыспаған, бейбітшілікті нығайтуға бағытталған бірде-бір шара жоқ. Дүниежүзілік жаңа соғыс әзірлеу бағытын ұстап, жанталаса қаруланушы және агрессияшыл блоктар құрушы америка империалистерінің саясатына қарсы Индия күрес жүргізіп отыр.

Совет Одағы мен Индия, олардың мемлекеттік құрылысы мен қоғамдық-саяси системалары түрліше болуына қарамастан, ең алдымен бейбітшілікке ортақ мүдделі болулары бір-бірін жақындастырады. Совет халықтары индия халқын жер бетіндегі бейбіт өмірдің игілікті күресіндегі өзінің сенімді әріптесі деп біледі.

Джавхарлал Неру бастаған Индия Республикасының тұңғыш ұлттық үкметі елдің экономикалық дамуына зор көңіл бөледі. Ағылшын отаршылдарының көп жылдық үстемдігі индия халқының едәуір бөлегін қайыршылыққа душар етті. Елде мақта-мата өнеркәсібі басым болып, мүмкіншіліктер бола тұрса да машина жасау өнеркәсібі өте нашар өркендетіліп отыр. Ауыл шаруашылығының өркендеуі жеткіліксіз. Индия Үкметі отаршылдық үстемдік қалдырып кеткен мұраны жоюды өзінің міндеті етіп қойды. Оның бер жағында Индияда металлургия және машина жасау өнеркәсібін өркендетуге ерекше көңіл бөлінуде. Мадхья-Прадеш штатының Бхилай ауданы жаңадан салынатын Индия металлургиясының орталықтарының бірі болып таңдан алынды. Бұл ауданда металлургия заводын салуды, Индиямен келісу бойынша, Совет Одағы жүзеге асырады. Завод жыл сайын бір миллион тонна болат беретін болады. Совет Одағы индия халқына өнеркәсіпті өркендетуге көмек көрсете отырып, Индияға 12 жылдық мерзіммен қарыз берді.

Индия халқы металлургия заводын салу туралы совет-индия келісімін қызу қостады. Совет Одағының Индияны индустрияландыруға көмектесуі оның ұлттық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұл совет-индия келісімінің өңін айналдыруға тырысқан АҚШ және Англия монополистерін ызаландырып

Біріккен Ұлттар Ұйымының мерекелі сессиясына қатысатын ССРО делегациясының Нью-Йоркке келуі

НЬЮ-ЙОРК, 15 июнь. (СОТА). Біріккен Ұлттар Ұйымының мерекелі сессиясына қатысатын, ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары, ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов бастаған ССРО делегациясы Сан-Францискоға бара жатқан жолында бүгін Нью-Йоркке келді.

Нью-Йорк портында ССРО делегациясын ССРО-ның АҚШ-тағы Төтенше және Полномочилі Елшісі Г. Н. Зарубин, ССРО-ның БҰҰ-дағы тұрақты өкілі А. А. Соболев, Поляк Халық Республикасының АҚШ-тағы Елшісі Р. С. Пасовский, Поляк Халық Республикасының БҰҰ-дағы тұрақты өкілі Берецкий, Чехословак Рес-

публикасының БҰҰ-дағы тұрақты өкілі Ульрих, ССРО-ның БҰҰ-жанындағы өкілдігінің жауапты қызметкерлері, шетел, америка және совет баспасөзінің өкілдері қарсы алды.

В. М. Молотов баспасөз өкілдеріне мынадай мәлімдеме жасады:

«Совет Одағының делегациясы атынан бүкіл дүние жүзіне әйгілі Нью-Йорктің тұрғын халқын және онымен бірге Америка Құрама Штаттарында баянды бейбітшілікті, халықаралық ынтымақты және халықтар арасында достықты нығайтуды жақтап отырғандардың бәрін шын жүректен құттықтаймын».

Қытайда автономиялық аудандардың өркендеуі

ПЕКИН, 14 июнь. (СОТА). Халықтық Қытайдағы аз ұлттар экономикалық және мәдени құрылыста зор табыстарға ие болды.

1954 жылдың аяқ шенінде Қытай Халық Республикасында 58 ұлт автономиялық аудандар құрылды. Гуанси провинциясындағы Чжуан халықтық, ұлт ауданы — Қытайдағы ең бір аламдары көп автономиялы аудан. Оның халықтары 8.800 мыңға тең. Бұл аудандағы аз ұлттардың көптеген өкілдері халықтық өкмет жылдарында таудан жазыққа көшіп қонды. Көшіп қоныс алғандардың шаруашылықтарын нығайту үшін мемлекет ақпалай несиелі бөліп, оларды әртүрлі ауыл-

шаруашылық жабдықтарымен ақысыз-пұлсыз жабдықтады. Жаңа қоныстанушылар жаңа жерде 400 му (бір му 0,06 гектарға тең) тың жерді игерді.

Гирин провинциясындағы Яньбянь Корей автономиялық ауданында өнеркәсіп құрылыстары шапшаң қарқынмен өркендеуде. Бұл ауданда өнеркәсіптің халық шаруашылығындағы үлес салмағы өткен жылдың аяқ шенінде 70 процентке жетті. Жұмысшылардың арасындағы сауатсыздық жойылды. Бұл автономиялық ауданның көсіпөдік ұйымдарының елу мыңнан астам мүшелері бар, олардың жартысы жұмысшы корейліктер.

Қытайда тың жер игеру

ПЕКИН, 15 июнь. (СОТА). Қытай баспасөзінің хабарлауына қарағанда, Цзянсу провинциясының солтүстік бөлігінде жаңа тың жерлерді зерттеу жөніндегі жұмыстар басталды, бұл жерлерге таяудағы жылдар ішінде бірнеше мемлекеттік шаруашылықтар құру жоспарланып отыр. Үстіміздегі жылы 1.630 мың мұдан астам тың жерді зерттеу жоспарланды. Цзянсу провинциясының солтүстік жағалауындағы аудандарда шамамен алғанда 5 миллион му тың жер бар. Тың жерлерді игеру жөніндегі жұмыс-

тар сонымен бірге Чжэцзян провинциясында да жүргізілуде. «Чжэцзянжибао» газетінің хабарлауына қарағанда, тек Цзяньде ауданының өзінде ғана зерттеудің нәтижесінде 158 мың мұдан астам тың көтеру жоспарланған.

Газет сонымен бірге былай деп хабарлайды: жуық күндердің бірінде қоғамдық ұйымдардың шақыруы бойынша тың жерлер игерілетін аудандарға Ханчжоудан қала еңбекшілерінің алғашқы тобы жүріп кетті.

Гоа территориясы Индияға қайтарылуға тиіс

«ГУАНМИНЖИБАО» ГАЗЕТІНДЕГІ МАҚАЛА

ПЕКИН, 15 июнь. (СОТА). Бүгін «Гуанминжибао» газеті Гоа территориясының Индияға қайтарылып берілуі жолындағы индия халқының күресін қолдап отыр.

Бейбітшіл мемлекеттердің халықтары, соның ішінде қытай халқы делінген мақалада, өз елінің суверенитеті мен территориялық тұтастығын қорғауға барыпталған индия халқының әділетті күресін қолдауы. Сонымен бірге олар Гоа

үкметін қолдауының нәтижесі болып табылатындығын түсінеді. АҚШ-тың агрессияшыл топтары Гоаны өзінің соғыс бабаларына айналдыру мақсатын көздейтін қадамды бұдан көп бұрын-ақ жасаған болатын.

Өз мемлекетінің тәуелсіздігін, территориясының тұтастығын қорғау жолында күрес жүргізіп отырған қытай халқы, бұл жағдайды қолдайтынмен, газет

ФИЗКУЛЬТУРА ЖӘНЕ СПОРТ

„Буревестник“ қоғамы спортшыларының спартакиадасы

«Динамо» стадионында «Буревестник» өрлікті спорт қоғамының бірінші спартакиадасы басталды. Спартакиадада спортшылар спорттың 9 түрі бойынша сайысады. Физкультурашылар параднан кейін әйелдер арасында 100 метрлік қашықтықтан жүгіру жарысы басталды. Бұл қашықтықты медицина техникумының спортшысы Александра Дудко 14,9 секунд жүгіріп өтіп, мәреге бірінші болып келді.

Бұдан кейін ерлер арасында 100 метрлік қашықтықтан жүгіру жарысы басталды. Мұнда қаладағы мұғалімдер институтының спортшысы Леонид Шестьяков жақсы көрсеткішке ие болды. Ол осы қашықтықта 11,6 секунд уақыт көрсетті. Екінші, үшінші орындарда — осы институттың спортшылары Юрий Торощкин, Петр Харченков.

Диска лақтырудан болған жарыста мұғалімдер институтының спортшысы Ско-робогаткина алғы орынды жеңіп алды. Ол дискені 26 метр 3 сантиметр жерге лақтырды. Педагогикалық училищенің спортшысы Лисина 22 метр 24 сантиметр көрсеткішпен екінші орынға, ал медициналық техникумның оқушысы Драгунова үшінші орынға ие болды.

Ерлер арасында ядро лақтыру жарысында 11 метр 68 сантиметр нәтиже көрсеткен мұғалімдер институтының студенті Юрий Беляевқа бірінші орын берілді. Бұл көрсеткіш үшінші спорт разрядына тең.

Ұзындықтан секіруден де мұғалімдер институтының студенттері жақсы көрсеткіштерге жетісті. Спортшы Ю. Торощкин 5 метр 71 сантиметр ұзындықтан секірді. Бұл үшінші спорт разрядына тең. Екінші орында — 5 метр 56 сантиметрге секірген П. Харченко.

Ерлердің 800 метрден болған жарысы қызықты болып өтті. Спортшы П. Харченко бұл қашықтықты 2 минут 7 секундта жүгіріп, жақсы көрсеткішке ие болды. Екінші орында тағы да осы қашықтықты 2 минут 7,4 секунд жүрген Ю. Торощкин. Бұл екеуінің көрсеткіші де үшінші спорт разрядына тең, 5 мың метрлік қашықтықтан болған жарыста спортшы Э. Швейцер бірінші орынды жеңіп алды. Оның көрсеткіші 17 минут 42,9 секунд.

Спартакиаданың бірінші күнгі жарысының қорытындысында мұғалімдер институтының коллективі жалпыкомандалық бірінші орынға, педагогикалық училищенің коллективі екінші орынға, ал медицина техникумының спортшылары үшінші орынға ие болды.

Спартакиаданың екінші күні ерлер

арасындағы бийіктен секіруден басталды. Мұғалімдер институтының студенті Дош 1 метр 65 сантиметр бийіктен секірді. Екінші орынға 1 метр 50 сантиметр бийіктен секірген Шишкин шықты.

1500 метр қашықтықтан болған жарыста Ю. Торощкин мәреге бірінші болып жетті. Бұл күні әйелдер арасында спорттың 4 түрі бойынша жарыс болып өтті.

Жарыстың екі күнгі қорытындысында жалпы командалық бірінші орынды Б. Д. Ушинский атындағы мұғалімдер институтының спортшылары жеңіп алды. Екінші, үшінші орындарда педагогикалық училище мен медицина техникумының спортшылары.

Жарыстың үшінші күні 4x100 метрлік ерлер арасындағы эстафета жарысымен басталды. Педагогикалық училищенің командасы осы қашықтықты 55,4 секундта жүріп өтіп, бірінші орынға, 57,8 секунд жүрген медицина техникумының командасы екінші орынға ие болды.

Көпше лақтыру жарысы қызықты өтті. Оны көруге көптеген адамдар жыйналды. Жарыстың бұл түрі бойынша да П. Харченко көпшені 38 метр 70 сантиметр қашықтықта лақтырып, бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынға көпшені 33 метр 23 сантиметр қашықтықта лақтырған қалалық байланыс мекемесінің спортшысы Алексютин ие болды.

800 метрлік эстафета жарысында қаладағы мұғалімдер институтының командасы бірінші орынды жеңіп алды. Команда осы қашықтықты 3 минут 45,0 секунд жүрді. Екінші орында педагогикалық училищенің командасы. Бұдан кейін әйелдер арасында 4x100 метрлік эстафета жарысы болып өтті. Бұл жарыста тағы да бірінші орынды мұғалімдер институтының командасы алды.

Әйелдер арасындағы 400 метрлік эстафета жарысында осы қашықтықты 2 минут 50,7 секунд жүрген мұғалімдер институтының командасы бірінші орынды жеңіп алды.

Үш күндік спартакиада жарысында жеңіп атлетика бойынша жалпы командалық бірінші орынды 12183 ұпай алған қаладағы мұғалімдер институтының командасы жеңіп алды. Екінші орынға 7159 ұпай алған педагогикалық училищенің, үшінші орынға 4933 ұпай алған медицина техникумының спортшылары ие болды.

Н. ДАНИЛОВ,
Спартакиаданың бас төрешісі.

сайын зор роль атқаруда. Кореядағы және Индо-Қытайдағы уақытша бтімнің шарттарын жүзеге асыру жөніндегі халықаралық комиссияларда Индияның іскерлікпен қатысқаны үшін дүние жүзінің халықтары оған шын жүректен алғыс айтула. Индия Қытай Халық Республикасымен бірге бес принципті жариялады, бұл принциптер әлеуметтік саяси системалары әртүрлі мемлекеттер арасында достық ынтымақтың берік негізі болып табылады. Бұл принциптер—территориялық, біртұтастық пен суверенитетті өзара құрметтеу, тиіспеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік және өзара тиімділік, бейбіт қатар өмір сүру. Осы принциптерді халықаралық жұртшылық кең қуаттады. Жұртшылық бұл принциптерді «Жаңа Азияның хартиясы» деп атайды.

Индия отаршылдыққа қарсы, соғыс топтарын құруға қарсы, атом, сутегі және жаппай қырып-жоютын басқа да қару-жараққа тыйым салу үшін батыл жүресуде. Үстіміздегі жылы апрельде болып өткен Азия мен Африканың 29 елінің Бандунг конференциясы Азияда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту ісіне қосылған ірі үлес болып табылады, Индия осы конференцияны шақырудың инициаторының бірі болды. Бандунг конференциясы, деді Неру Индияның парламентінде, тарихи оқиға болды, ол жаңа Азия мен Африканың тууын, тәуелсіздік жолымен және халықаралық істерде толық праволы болып қатысу жолымен бара жатқан жаңа ұлттардың оянуын көрсетті.

Совет Одағымен бірге Индия да Қытай

Совет-Индия ынтымағы мемлекеттік және қоғамдық құрылыстары әртүрлі мемлекеттердің бейбіт мақсатта өмір сүруі мен ынтымақ принциптеріне сүйенген халықаралық ынтымақтың айқын бір үлгісі болып табылады. Соңғы кезде бұл мемлекеттердің екеуі де көптеген делегациялар алысты. Екі халықтың ортасында келе жатқан экономикалық және мәдени байланыстары өзара мүдделерді құрметтеуге, теңдікке, достыққа негізделген.

Совет адамдары Индияның қонақтарының шын жүректен құттықтап, Джавахарлал Нерудің Совет Одағында болуын СССР мен Индия арасындағы достық байланыстарды оған сайын жақындастырып нығайта түседі. Бұл сапар халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге қосылған жаңа үлес болып табылады деп берік сенеді. Индия жұртшылығының сенімі де дәл осындай. «Индустан Стандард» газеті Индия жұртшылығының пікірін білдіріп, былай деп жазды: «Көзқарастарды ашықтан-ашық алысу халықтарды мейлінше жақындастырады. Премьер-Министрдің Совет Одағына баруы екі мақсатқа қызмет ететін болады: ол Индия мен Совет Одағын, олардың өмірінің көптеген салаларында даму түрлі жолдармен баруына қарамастан, жақындастырды және екіншіден бұл сапар ізгі ниетке жаңа күштерді жандандыру жолымен барлық жерде шиеленісті бәсеңдетуге көмектесетін болады».

Н. ЗАХАРОВ.

Совет Одағы мен Югославияда болған Индия парламентінің делегациясы басшысының мәлімдемесі

ДЕЛИ, 13 июнь. (СОТА). Совет Одағы мен Югославияны аралаған Индия парламенті делегациясының басшысы, Штаттар Советі председателинің орынбасары Кришнамурти Рао және делегацияның мүшесі Хукам Сингх 11 июньде Бомбейге қайтып оралған.

«Индустан таймс» газетінің хабарына қарағанда, Рао баспасөз өкілдеріне былай деп мәлімдеген: «Совет Одағында ешкім де соғысты тілеп отырған жоқ. Совет Одағы бейбітшілікті шын ниетпен тілеп отыр. Бірақ халық өз күшін түсінеді, сондықтан да өзіне шабуыл жасалғандай күнде, бұған қуатты соққымен жауап береді».

Рао бұдан кейін былай деп көрсеткен. Совет Одағы елдің өнеркәсібін, энергетикалық ресурстарын және ауыл шаруашылығын өркендетудің аса зор жоспарларын жүзеге асырып, орасан үлкен кең байтақ тың жерлерді көтеруде, Рао Индия делегациясының Югославияда Совет Одағы мен Югославия басшыларының бірлескен мажұмдамасына қол қойылған тарихи кезеңде болғанын атап көрсеткен және Югославия халқының Индияға достық сезімдермен қарап отырғанына назар аударған. Рао сонымен бірге Югославияны индустрияландыру ісіндегі табыстарды да атап көрсеткен.

да патриоттық күштерді құрындауға ұшыратқан португалдық колонизаторлардың тағылық әрекеттеріне қарсы шығып отыр.

Бұл аудандары халықаралық жағдайға тынышсызданған индия халқы сияқты басқа да бірсыпыра мемлекеттердің халықтары португалдық үкмет орындарының Гоадағы бұл сияқты позициясының американи империализмінің португал

Польшаның сыртқы саудасы өркендеуде

ВАРШАВА, 14 июнь. (СОТА). Кәзіргі уақытта Польша жер шарының 70-тен астам елдерімен сауда жүргізеді. Елдің сыртқы саудасының товар айналымы соғыстан бұрынғы дәрежесімен салыстырғанда үш есеге дерлік арттырылды.

Польшаның Совет Одағымен және халықтық демократия елдерімен товар айналымы шұғыл өсіп отыр. Польшаның сыртқы саудасындағы бұл елдердің үлесі 70 процентке тең.

Польша Совет Одағынан аса маңызды құрылыстар үшін комплексті өнеркәсіп жабдықтарын алады. Соңғы жылдары Польшаның Қытай Халық Республикасымен товар айырбасы бірнеше есе өсті. Польша Финляндиямен және Швециямен де қызу сауда жүргізеді. Польша сонымен бірге Англиямен, Франциямен, Бельгиямен және Батыс Еуропаның басқа да елдерімен сауда жүргізуде. Жуық арада Польша мен Югославия арасында сауда

индия халқының ұмтылушылығына ниеттестік білдіреді және Гоаны Индия мен біріктіру жолындағы индия халқының әділетті күресін өзінің қолдайтындығын білдіреді. Ол былай деп есептейді: Тайваньның Қытай Халық Республикасына қайтарылып берілуге тиісті сияқты, Батыс Ириан—Индонезияға, сол сияқты Гоа территориясы Индияға қайтарылып берілуге тиіс.

да келісімі жасалды. Бұл келісім екі елдің арасындағы сауда байланысын ұлғайтуды көздейді. Сонымен бірге Польшаның Оңтүстік-Шығыс Азияның және Латин Америкасының елдерімен де сауда қатынасы нығая түсуде. Индиямен, сол сияқты Индонезиямен сауда келісімдері жасалды.

Поляк экспортының құрылымы да өзгерді. Егер соғысқа дейінгі уақытта поляк экспортының басты түрлері шикізат, жартылай фабрикаттар және ауыл шаруашылығының өнімдері болса, көзір Польша экспортқа машиналарды, өнеркәсіп жабдықтарын, кемелерді, вагондарды, паровоздарды, жүк және жеңіл автомобильдерін, металл кесетін және ағаш өңдейтін станоктарды, оптикалық приборларды, медициналық және лабораториялық жабдықтарды, бояғыштарды шығарады.

Ағылшын еңбекшілерінің өз праволары үшін күресі

ЛОНДОН, 15 июнь. (СОТА). Бұрын хабар етілгеніндей, ағылшын темір жолының 70 мың машинистері мен көчегарларының 17 күнге созылған ереуілі аяқталды. Жалақыны арттыруды талап етуші еңбекшілердің табанды күресі британдық транспорт комиссиясын (темір жол жұмыстарын жүргізетін үкметтік органның) мәмлеге келуге мәжбүр етті.

Ағылшын өкмет орындарының қайтсе де ереуілді болдырмай тастамақ болғанына, бұл әрекеттерді оңайлату үшін елде төтенше жағдай жариялағанына қарамастан, сонымен бірге ереуіл көтерушілер буржуазиялық газеттердің және оншыл кәсіподақтары мен лейбористердің лидерлері тарапынан ұшықтырылған айдап салушылыққа ұшырағандарына қарамастан, «Таймс» газетінің атап етуіне қарағанда, транспорт комиссиясына темір жолшылардың талаптары принципін қабылдауға тура келді. Рейтер агенттігінің хабарлауына қарағанда, аз-кем жоғары

мамандығы бар жұмысшылардың жалақысы дереу арттырылуға тиіс. Транспорт комиссиясы теміржолшылардың еңбегіне ақы төлеудің барлық жүйесін жалпы алғанда қайтадан қарап шығуға міндеттенді. Бұл мәселе жөнінде келіссөздер бүгін басталады және ол ең таяу аптаның ішінде аяқталуға тиіс.

Англияның алты ірі порттарындағы 20 мың докерлердің өз кәсіподақтарын тануды талап етуі жолындағы ереуілі әлі де болып жатыр. Газеттерде мынаны атап көрсеткен: бұл порттардағы ереуілдің 24-күні 300-ге жуық кеме босқа қарай тұрды.

Сонымен бірге Ливерпуль және Саутгемптон порттарында тұрған жолаушы тасыйтын мұхитта жүретін бес парохолтар теңізшілерінің ереуілі де тоқталған жоқ. Ереуіл көтерушілер еңбек жағдайының жақсартылып, жалақының арттырылуын талап етуде.

Жақында «Вороний аралында» облыстық атқыштар жарысы болып өтті. Жарыс бірнеше күнге созылды. Бұл жарысқа екі қалалық және 6 аудандық командалары қатысты.

Әуе райының қолайсыздығына қарамастан, спортшылар жарыс программасындағы жаттығуды ойдағыдай орындап шықты. Әсіресе, винтовкадан және револьверден ату жарысы қызықты болып өтті. Жарыстың бұл түрлері бойынша қаланың атқыштары Погравкин, Терещонко және Максимовтар жақсы көрсеткіштерге ие болды.

Бірнеше күнге созылған атқыштар жарысының қорытындысында Мавлов бастаған қала атқыштары бірінші орынды жеңіп алды. Бұл командаға облыстық физкультура және спорт комитетінің бірінші дәрежелі дипломы және жүлде тапсырылды. Село спортшыларының ішінен Полудень ауданының атқыштар командасы жақсы көрсеткіштерге жетісті.

Ал, Ленин, Булаев аудандарының командалары өз мүмкіндіктерінен төмен болды.

Облысымызда сирек өткізілетін атқыштар жарысына, әсіресе, жастардың белсене қатысқысы келетіндігі, жарыстың бұл түрін сүйетіндігі байқалды. Дегенмен, аудандық ДОСААФ, аудандық физкультура және спорт комитеттері жарыстың бұл түріне жете жеңіл аудармай келеді. Бірқатар село атқыштарының бұл жарысқа тиісті дәрежеде өзірленбегендігін, Преснов, Октябрь, Көнюхов, Совет және Петропавл аудандарының өз командаларын жарысқа қатыстыра алмағандығын осындай себептермен ғана дәлелдеуге болады.

Облысымыздың ДОСААФ, физкультура ұйымдары жарыстың бұл түріне баса көңіл бөліп, атқыштар қатарын көбейтуге белсене атсалысып, алдағы жарыстарда жақсы көрсеткіштерге жетісуі тиіс.

Б. БАЛАХЧИ,
Жарыстың бас төрешісі.

СОТ ЗАЛЫНАН

Маскүнемдіктің зардабы неге әкеліп соқты

Михаил Неустроев дейтін біреу маскүнемдікке салынып, әйелі Елизавета Неустроеваны үнемі ұрып, соққыға жығатын болған. Осы жылғы 19 апрельде Неустроев мас қалпында магазиннен ұстара сатып алып, сонымен әйелінің көзін ойып алмақ болады. Осы мақсатпен әйелі кондуктор болып істейтін автобуска келіп отырады да қалтасындағы ұстараны алып, әйеліне ұмтылады. Оның бұл әрекетін көрген әйелі өзін-өзі қорғауға кіріскенде өткір ұстара оның маңдайы мен қолын тілгілеп тастайды.

Қашып құтылмақ болған Неустроева автобустан түсе бергенде Неустроев те

машинадан секіріп түсіп, бірнеше рет лышақпен басына соғып жара салады. Осы қылмыстың үстінде өзі де қолға түседі.

Петропавлдағы 2-участоктік халық соты бұл қылмысы үшін маскүнем Неустроевты 8 жылға бас еркінен және 5 жыл мерзімге сайлау правосынан айыруға үкім етті.

Н. ПАК,
Қалалық прокурор.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Қазақ ССР совхоздар министрлігіне қарасты «Совхозводстрой» тресінің Петропавлдағы құрылыс-монтаж басқармасына түпшілікті жұмысқа дизельші-сирепершілер, балғашылар, құдық қазатын машинаның машинистері, темір ұсталары, шоферлер, грейдершілер, таксилажниктер, экскаваторшылар, аға бұрғылау мастери, әртүрлі жұмысшылар КЕРЕК.

Адрес: Папанин көшесі, № 111-үй, кадр бөлімі.

Петропавл қаласы, Полторацкая көшесі, 54-үйде тұрушы Анна Ивановна Метелева Виктор Гаврилович Метелен айрылатыны жөнінде арыз берді. Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотта қаралады.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«РИО ЭСКОНДИДО»

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ДАУЫЛ»

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы —5-53, газет табыс етілімесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00802. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.